IQAA

**БІЛІМ БЕРУДЕГІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІК - IQAA**

# НҰР-МҰБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ БОЙЫНША ЕСЕП

**6В02201 «ИСЛАМТАНУ», 7М02201 «ИСЛАМТАНУ»**

**БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АККРЕДИТТЕУ**

**Астана қ. - 2025 жыл**

## *САРАПШЫЛАР ТОБЫ*



**Кенжетаев Досай Турсынбаевич**
**Топтың жетекшісі**
Теология факультетінің деканы, дінтану кафедрасының профессоры, философия және теология ғылымдарының докторы, «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан қ.



**Калиев Каскырбек Кикбаевич**
**Сарапшы**
Дінтану кафедрасының PhD докторы, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Ке АҚ, Астана қ.



**Шағырбай Алмасбек Дүйсенбекұлы**
**Жұмыс берушілер өкілі**
ҚР ҒЖБМ ҒК «Философия, саясаттану және дінтану институты» ШЖҚ РМК, дінтану орталығының директоры, Алматы қ.



**Магзиев Еркинбек Аканович**
**Студенттер өкілі**
«Дінтану» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» Ке АҚ, Алматы қ.

**IQAA ҮЙЛЕСТІРУШІСІ**
Азангулова Айнур Орынбаевна, IQAA, ЖОО және ҒЗИ аккредиттеу департаменті, сараптама тобының үйлестірушісі

Сараптамалық топтың есебі IQAA-ның зияткерлік меншігі болып табылады. Ақпаратты кез-келген пайдалануға IQAA сілтемесі болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Авторлық құқықты бұзу құқықтық жауапкершіліктің басталуына әкеледі.

# 6B02201 ИСЛАМТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІНІҢ ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША ІСТЕРДІҢ НАҚТЫ ЖАЙ КҮЙІНЕ СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ

| **Стандарттар** | **Өзін-өзі бағалау туралы есептің әр стандарт үшін университеттің нақты жағдайына сәйкестігін белгілеңіз** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Толық сәйкестік** | **Маңызды сәйкестік** | **Ішінара сәйкестік** | **Сәйкессіздік** |
| *Стандарт 1* Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты | + | | | |
| *Стандарт 2* Білім беру бағдарламасын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару | | + | | |
| *Стандарт 3* Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау | | + | | |
| *Стандарт 4* Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау | + | | | |
| *Стандарт 5* Профессорлық-оқытушылар құрамы | + | | | |
| *Стандарт 6* Оқу ресурстары және студенттерді қолдау | + | | | |
| *Стандарт 7* Қоғамды ақпараттандыру | | + | | |

# 7М02201 ИСЛАМТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІНІҢ ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША ІСТЕРДІҢ НАҚТЫ ЖАЙ КҮЙІНЕ СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ

| **Стандарттар** | **Өзін-өзі бағалау туралы есептің әр стандарт үшін университеттің нақты жағдайына сәйкестігін белгілеңіз** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Толық сәйкестік** | **Маңызды сәйкестік** | **Ішінара сәйкестік** | **Сәйкессіздік** |
| *Стандарт 1*<br>Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты | + | | | |
| *Стандарт 2*<br>Білім беру бағдарламасын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару | | + | | |
| *Стандарт 3*<br>Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау | | + | | |
| *Стандарт 4*<br>Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау | + | | | |
| *Стандарт 5*<br>Профессорлық-оқытушылар құрамы | + | | | |
| *Стандарт 6*<br>Оқу ресурстары және студенттерді қолдау | + | | | |
| *Стандарт 7*<br>Қоғамды ақпараттандыру | | + | | |

# МАЗМҰНЫ

**1 ТАРАУ САПАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ**
Кіріспе
Университеттің негізгі сипаттамалары

**2 ТАРАУ САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**
Бағдарламалық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі
Кіріспе
*Стандарт 1*
Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапа
қамтамасыз ету саласындағы саясаты
*Стандарт 2*
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару
*Стандарт 3*
Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау
*Стандарт 4*
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау
*Стандарт 5*
Профессорлық-оқытушылар құрамы
*Стандарт 6*
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау
*Стандарт 7*
Қоғамды ақпараттандыру

**3 ТАРАУ ҚОРЫТЫНДЫ**
**ҚОСЫМШАЛАР**
*Қосымша 1*
Сыртқы аудит бағдарламасы
*Қосымша 2*
Сұхбатқа қатысушылардың тізімі
*Қосымша 3*
ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар тізімі

# *1 ТАРАУ САПАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ*

***Кіріспе***

Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінде (бұдан әрі – Университет) халықаралық бағдарламалық аккредиттеу рәсімі шеңберінде сараптама тобының сыртқы сапары 2025 жылғы 24-26 ақпан аралығында өтті.

Сыртқы аудит IQAA агенттігі әзірлеген және Университетпен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Сыртқы сараптама тобының (ССТ) жұмысына қажетті барлық материалдар: Сапар бағдарламасы, Бағдарламалық аккредиттеу шеңберіндегі өзін-өзі бағалау жөніндегі есеп, Сыртқы сараптама тобының құрамы, Сұхбатқа қатысушылардың тізімі, Сыртқы бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулық, Сарапшының әдеп кодексі, Аккредиттеу жөніндегі сыртқы сараптама тобының есеп үлгісі білім беру ұйымында жұмыс басталғанға дейін сараптама тобының мүшелеріне ұсынылды, бұл сыртқы бағалау рәсіміне уақтылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Университет басшылығымен кездесу сарапшылар тобына университеттің жалпы сипаттамасын, соңғы жылдардағы жетістіктерін және жалпы университеттің даму перспективаларын алуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапар бойынша жоспарланған іс-шаралар университеттің құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, кафедралардың профессорлық-оқытушылық құрамымен, докоранттармен, түлектермен, Университеттің жұмыс берушілерімен егжей-тегжейлі танысуға ықпал етті және сыртқы сарапшыларға өзін-өзі бағалау туралы есеп деректерінің оқу орнындағы істердің накты жағдайына сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

**Университеттің негізгі сипаттамалары**

Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті одан әрі (Нұр-Мүбарак ЕИМУ) - әлемдік өркениетке бет түзеген тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңызды рөлі бар оқу ордасы.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ-не 2019 жылдың 27 наурыз айында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім аясында білім беру қызметін жүргізу құқығы бойынша мерзімі шектеусіз ҚР ілім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан АБ сериясының № 0137466 мемлекеттік лицензиясы берілді.

Қазіргі кезде Нұр-Мүбарак ЕИМУ-де білім берудің мақсатына сай бәсекеге қабілетті, жоғары білікті, қоғамның ғылыми және мәдени дамуын қамтамасыз ететін кадрларды даярлау және білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру жолында жұмыстар жүргізілуде.

Университет шетелдік және отандық ғылыми мекемелермен ұзақ мерзімді байланыс орнату және өзара білімгерлерді оқыту мен машықтандыру мақсатында 50-ден астам ынтымақтастық келісімшарттары мен меморандумдар жасалған https://nmu.edu.kz/kk/seriktester/?lang=KK

Осы келісімшарттар негізінде университет ОПҚ құрамы шетелде біліктілігі мен академиялық ұтқырлық аясында білімдерін шыңдайды (https://nmu.edu.kz/kk/akademiyalyk-utkyrlyk-bolimi/?lang=KK).

ПОҚ құрамының сапалық көрсеткішін арттыру үшін университеттің стратегиялық даму жоспарында Қазақстан мен Мысыр мемлекеті тарапынан жоғары мамандандырылған қосымша кадрлар шақыру арқылы толықтыру шаралары қарастырылған.

Университет тарапынан докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында жазылған ғылыми мақалаларының университет жинақтарында жарық көруіне ықпал жасайды.

Білім алушылардың жалпы контингенті - 2431 құрайды, оның ішінде: мемлекеттік білім гранты бойынша – 956; ақылы негізде білім алушылар бойынша – 1475. Бакалавриатта – 5 , магистратурада –2, докторантурада – 2 білім беру бағдарламасы бар. ПОҚ саны барлығы: 144, оның ішінде ғылым докторы, профессор – 1, ғылым докторы, қауымдастырылған профессор (доцент) – 2, ғылым докторы – 1, ғылым кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) – 5, ғылым кандидаты – 16, PhD, қауымдастырылған профессор (доцент) – 6, PhD – 49, магистр, аға оқытушы (оқытушы) – 64. Университет бойынша ғылыми дәрежелілігі – 55,5% құрайды. Штаттағы оқытушылар саны – 129, штаттан тыс оқытушылар – 15.

Нұр-Мүбарак университетінде 3 департамент, 2 факультет, 4 кафедра, 2 орталық және 7 бөлім жұмыс істейді. «Исламтану» және «Дінтану» ББ бойынша диссертациялық кеңес бар.

Университет оқытудың халықаралық бағдарламасын жүзеге асыруда, студенттермен алмасу және тағылымдамалар өткізуде әлемдегі аса ірі халықаралық 20 шетелдік университеттермен меморандум жасасқан.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ-і 2020 ж. сәуір айында «Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі» тарапынан институционалдық (ІА №0058) аккредиттеуден өткен.

**«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің заңды және нақты мекен-жайы:**

050016 Алматы қ, Әл-Фараби, 73

Телефон/факс: 8(727) 302-09-30

Ресми сайт: www.nmu.edu.kz

# *2 ТАРАУ САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП*

## *Кіріспе*

2025 жылдың 24-26 ақпан аралығында Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нде 6В02201 - Исламтану, 7М02201 – Исламтану ББ бойынша мамандандырылған аккредиттеу жұмыстары жүргізіліп ББ деңгейлері мен сәйкестіктері, орындалу барысы тексерілді.

Сараптама тобының мүшелері Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінде сыртқы аудит жүргізу барысында берілген материалдарды зерттеді, бағдарламаға сәйкес кездесулер өткізді, материальдық-техникалық базамен, соның ішінде компьютерлік, мультимедиялық кабинеттерді, дәрісханаларды, акт залын, спорт кешенін, медия-студияны, жатақхананы, кітапхананы, медициналық пункттерді, кафедраларды, практика базасы ретінде Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығын аралап, Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығы, Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл академиясының жұмысымен танысты, өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің университеттің шынайы жағдайы мен оның инфрақұрылымына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Аталмыш университет базасында жүзеге асырылып отырған Исламтану бағыты бойынша кадрларды даярлау жұмысы 2011 жылдан басталған. Қазіргі уақытта 6В02201 - Исламтану ББ бойынша 1584 студент, ал 7М02201 - Исламтану ББ 58 магистрант білім алуда. Университеттің осы салада кадр даярлау бойынша еліміздегі бірден-бір Жоғары оқу орны болуы аталмыш ұйымның ерекшелігі саналады.

2020 жылғы білім беруді ұйымдастыру деңгейімен салыстырғанда исламтану бағытында алға жылжу байқалады. Материалдық техникалық базасы жетілдіріліп, білім алушылардың жұмысқа орналасу, іс-тәжірибеден өту, білім алушы орталықтандырылған ББ жүзеге асыру бағыттары бойынша жұмыстар жасалған. Египет ислам республикасы мен үкімет аралық деңгейде құлыған оқу орны болғандықтан Египет тарапынан келген жоғары білікті мамандардың да саны артқан. Әрі исламтану бағытының тікелей араб тілін меңгеру дәрежесімен тікелей байланыста болғандықтан осы бағытта тиімді жұмыс жасалып жатқандығы байқалады. Әрі білім алушылардың оқу кестесінен тыс қосымша тіл курстарына қатысу мүмкіндігі қарастырылуы да тиімді тұсы саналады. Ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстарын жетілдіру үшін арнайы ішкі жобалардың берілуі ОПҚ дамытуға арналған үлкен көмек деп көрсетуге болады. 6В02201 - Исламтану бойынша 75%, 7М02201 - Исламтану білім беру бағдарламалары бойынша бітірген түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі де 100% құрайды.

Бұл дегеніміз елімізде бұл сала бойынша әлі де мамандардың жетіспейтіндігін аңғартады. Дегенмен университеттің әлі де жетілдіру керек мәселелердің бар екендігін айта кетуіміз керек. Білім беру бағдарламаларына қазіргі қазақ қоғамына керек пәндерді енгізу мәселесі, докторанттардың

ағылшын тіл деңгейін көтеру мақсатында ағылшын тілінде жүргізілетін дәрістерді енгізу және арттыру мәселесі сонымен қатар кітапхананың, оның ішінде оқу залын үлкейту немесе қосымша тағы да оқу залдарын ашу сынды мәселелердің бар екендігін айта кету керек.

6В02201 – Исламтану БББ бойынша контингентті 1584 студентті құрайды, оның ішінде мемлекеттік білім гранты негізінде - 745, ақылы негізде 839.

7М02201 – Исламтану БББ бойынша контингентті 58 магистрант құрайды, оның ішінде мемлекеттік білім гранты негізінде - 33, ақылы негізде 25.

6В02201 - Исламтану, 7М02201 – Исламтану ББ бойынша мамандар Нұр-Мүбарак ЕИМУ-інің Ислам ілімдері факультетінің «Исламтану» кафедрасында даярланады. «Исламтану» кафедрасында жұмыс атқаратын ПОҚ саны - 51, оның ішінде: 1 ғылым кандидаты, 3 PhD, қауымдастырылған профессор (доцент), 21 PhD, 26 ғылым магистрлері. Штаттағы оқытушылардың саны – 44, штаттан тыс оқытушылар – 7. Кафедра бойынша ғылыми дәрежелігі – 49%.

## *Бағдарламаны аккредиттеу стандарттарына сәйкестік*

## Стандарт 1 Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты

**Дәлелдемелер және талдау:**

Нұр-Мүбарак ЕИМУ-інде сапа саясаты ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің ажырамас бөлігі және де университетте білім қызметін ұйымдастыру мен жоспарлаудың негізі болып табылады,. Университеттегі ішкі сапаны қамтамасыз ету процесі «Сапа саясаты және ішкі сапаны қамтамасыз ету стандартымен» реттеледі. «Сапа саясаты және ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарты» Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің Ғылыми кеңесінде талқыланып, бекітілген. (*№1 хаттама, 29.08.2024 ж.*) және университет сайтында төмендегі сілтеме бойынша қолжетімді: https://www.nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2025/02/SAPA-SAYASATY.pdf.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ ESG стандарттарына сәйкес өзінің әлеуметтік және корпоративтік жауапкершілігін түсінеді. Осыған байланысты білім беру сапасын қамтамасыз ету және қолдау жұмыс берушілердің, білім алушылардың ұсынысы бойынша Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жыл сайын жаңарту және жаңа пәндерді оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз ету, практика базаларымен шарттарды жаңарту жолымен іске асырылады. БББ әзірлеу және сараптау бойынша жұмыс тобы, академиялық сапа жөніндегі комиссия, академиялық комитет сияқты алқалы органдар білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту арқылы оның сапасын арттыруға үлесін қосады. Алқалы органдар құрамына жұмыс берушілер, білім алушылар, ПОҚ тартыла отырып білім беру бағдарламаларының

мазмұны қайта қаралады. Айталық, БББ әзірлеу және сараптау бойынша жұмыс тобы (№056-у 22.08.2022 ж.). Айталық, 2024-2025 оқу жылына 6В02201 – Исламтану БББ әзірлеу тобы құрамында жұмыс беруші өкілі ретінде *ҚМДБ Діни білім және кадр даярлау бөлімі қызметкері Аманқұлов Х.*, білім алушылар өкілі ретінде *Махатов М.*, ПОҚ өкілі ретінде *Шайзан Б.* қатысса, білім беру бағдарламасы *ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі Б.Мансұровпен*, *Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарма басшысы Н.Қиқымовпен* сараптамадан өткізілген. Сонымен қатар, БББ сапасын қамтамасыз ету мақсатында оларды университеттің Ғылыми кеңесінде қарап бекітеді. Ғылыми кеңес құрамы жоғары басшылық, құрылымдық бөлімше басшылары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, білім алушыдан (*Ж.Ерсұлтан 4-курс студенті*) тұрады.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ іргелі зерттеулерді жүзеге асырып келеді. Соңғы 5 жыл ішінде гранттық қаржыландыру бойынша 3 ғылыми жоба, бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру бойынша 1 жоба, «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыруы бойынша 1 жоба жүзеге асырылуда.

Университет өзінің исламдық профилін ескере отырып, студенттермен, оқытушылармен, қызметкерлермен, талапкерлермен, сондай-ақ университет басшылығымен өзара іс-қимылда этикалық нормалар мен академиялық адалдықты сақтауға назар аударады. Оларды реттеу және жүзеге асыру үшін университетте арнайы ішкі нормативтік құжаттар бар – «Академиялық саясат» (оған «Профессорлық-оқытушылық құрамның ар-намыс кодексі», «Студенттердің ар-намыс кодексі», «Академиялық адалдық кодексі»: akademyalyk_sayasat-V.pdf) «Сапа саясаты» (nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2025/02/SAPA-SAYASATY.pdf), «Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты» (nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2025/02/ZHemqorlyq-SAYASATY.pdf) және «Ақпараттық қауіпсіздік саясаты» (nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2025/02/AQ-SAYASATY.pdf) кіреді, олар сайтта орналастырылған, бұл студенттерді және барлық ниет білдірушілерді ішкі ережелермен таныстыруға мүмкіндік береді. Аталған кодекстердің мазмұнына жүргізілген талдау университет студенттердің, профессорлық-оқытушылық құрамның және қызметкерлердің этикалық нормалары мен академиялық адалдығының жоғары деңгейін сақтауға баса назар аударатындығына негіз береді. Студенттермен, профессорлық-оқытушылық құраммен және жалпы университет қызметкерлерімен сұхбат олардың қолда бар кодекстермен танысқанын көрсетті.

Университет студенттерге, магистрлерге және ПОҚ-на зерттеулердің адалдығын қамтамасыз ету үшін тиімді қадағалау және қолдау құралдарын ұсынады. Ғылыми жұмыстардағы плагиаттың алдын алу және анықтау мақсатында Strikeplagiarism.com жүйесінде талдау жүргізіледі. Бұл мақсатта Нұр-Мүбарак ЕИМУ мен ООО «Plagiat.pl» арасында қызмет көрсету шарты жасалған (*2022 жылғы 1 желтоқсан, №296 шарт*). Университет проректорымен жүйе администраторын қосқанда кем дегенде үш мүшеден

тұратын антиплагиат комиссиясы құрылады. Антиплагиат комиссиясы жұмысты плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесіне тексерудің тәртібі мен қағидаларын қадағалайды. Ғылыми және шығармашылық жұмыстардың түпнұсқалығы – 70%-дан асуы керек.

ҚР заңнамасы негізінде, 6В02201 – Исламтану БББ, 7М02201 – Исламтану БББ талапкерлерді шақыру мақсатында Нұр-Мүбарак ЕИМУ қағаз күйіндегі жарнамалық материалдар даярлайды, сонымен қатар оқуға түсуге қажетті құжаттар тізімі мен талаптар университеттің ресми сайтында да орналастырылған (https://www.nmu.edu.kz/kk/talapker-2/?lang=KK). Талапкерлер университет сайтындағы тиісті сілтемеден талапкерлерге арналған шығармашылық емтихан сұрақтарын, түсу үшін қажетті құжаттардың тізімін көре алады. Сонымен бірге, талапкер білім беру бағдарламаларының мазмұнымен де танысу мүмкіндіктеріне ие. Осыған қарамастан, талапкерлердің бітірген соң тағайындалатын біліктілік туралы ақпаратпен, жатақханалармен қамтамасыз ету, әлеуметтік-тәрбие жұмыстарын жүргізетін, психологиялық қолдау жасайтын, өзге де құрылымдық бөлімшелердің (офис регистратор, тәрбие бөлімі т.б.) қызметімен, 6В02201 (7М02201) – Исламтану білім беру бағдарламасының соңғы 4 жылдағы мазмұнымен танысу мүмкіндігі жоқ.

Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету саласындағы маңызды элементтердің бірі болып ЖОО-нда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың болуы болып табылады. Осыған сәйкес униыерситеттің Ғылыми кеңсімен «Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты» (nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2025/02/ZHemqorlyq-SAYASATY.pdf) бекітілген (*№1 хаттама, 29.08.2024 ж.*). Аталмыш құжатта, сондай-ақ академиялық саясатта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі академиялық шаралар қарастырылған. Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмыс атқарады (Жемқорлықсыз университет — Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті). Компаленс-қызметінің ережесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен саясат және де комплаенс-фоицердің қажетті мәліметтері ресми сайтта толық ілінген. Сонымен бірге сыбайлас жемқорыққа қарсы менеджментті қолдау мақсатында университет ректоры мен проректоры өзінің ресми блогын жүргізеді (https://www.nmu.edu.kz/kk/editor-blog/). Өкінішке орай қабылдау күндері жазылмаған.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің алға қойылған міндеттерге қол жеткізгендігін, олардың өзектілігін және ресурстарды қайта бөлуді кезеңдік бақылау мақсатында университет басшылығы онлайн режимде «Оқытушы – студенттердің көзімен», «Оқытушы көзімен университет» «Қызметкер көзімен университет», «Білім алушылар көзімен университет» сияқты сауалнамалар өткізіп отырады. Жүргізілген сауалнамалардың барлығы дерлік қысқа және орта кезеңдерге жоспарлауға қажетті ақпараттарды алуға бағытталған. Сондай-ақ, білім алушылардың білім беру бағдарламаларының сапасына қанағаттануы туралы сауалнамалар жоқ. ПОҚ, түлектермен, білім алушылармен және де жұмыс берушілермен жүргізілген сұқбат барысында

және де құжаттарды талдау нәтижесінде БББ қайта карауда әлі де болса нарық сұранысын, әріптестердің (жұмыс берушілердің) қажеттіліктерін ескеру дәрежесін жетілдіру қажет екені анықталды. Себебі, ПОҚ мен жұмыс берушілер тарапынан БББ өзгертуге берілген ұсыныстар аз болса, түлектер мен білім алушылар мұндай ұсыныстар жасауға болатыны жөнінде ақпараттанбаған.

***Жақсартуға арналған жағы:***

1. Университетте тұрақты негізде жұмыс істейтін алқалы органдар (Ғылыми кеңес, факультет кеңестері, кафедра мәжілістері, академиялық комитет т.б.) қызметін келіп түскен ақпараттар негізінде тиімділігін арттырудың жүйесін (мониторинг) енгізу ұсынылады. Сонымен қатар, мүдделі тараптардың (жұмыс беруші, білім алушы, түлектер т.б.) сапаны арттыру жөніндегі жұмыстар бойынша жүйелі ақпараттануының мүмкіндігін арттыру қажет;
2. «Білім алушылардың білім беру бағдарламасының сапасына қанағаттануы» сауалнамасын жүргізу ұсынылады.
3. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес ПОҚ, қызметкерлер арасында комплаенс-офицермен сыбайлас жемқорлық көріністерін анықтаудың тәсілдерін жетілдіру қажет
4. Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің алқалы органдарына ПОҚ-ның (басшылық құрамдағы емес), білім алушылардың (магистранттар мен докоранттардың өкілдері мүлдем жоқ) қатысуының үлесін арттыру ұсынылады.

**1-стандартқа сәйкестік деңгейі: толық сәйкестік**

## Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару

**Дәлелдемелер және талдау:**

Нұр-Мүбарак ЕИМУ-інің 6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану білім беру бағдарламалары зерттелді. Университет «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңы, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың талаптары, салалық біліктілік шеңберіне, Білім берудің халықаралық стандарттық жіктеліміне сәйкес білім берудің тиісті деңгейлерін (бакалавриат, магистратура, докторантура) Дублиндік дескрипторларға, Европалық біліктілік жүйесіне сәйкес әзірленген. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің «Академиялық саясатының» 2-тарауында, яғни «Академиялық білім беру

бағдарламалары туралы ережеде» қарастырылған (https://www.nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2025/02/akademyalyk_sayasat-V.pdf). Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің «Академиялық саясаты» (ҚП-Нұр-Мүбарак ЕИМУ-001-07-2024) университеттің Ғылыми кеңесімен 2024 жылдың 29 тамызында бекітілген. 6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-ларында оның негіздемесі, пәндердің мазмұндары, оқыту нәтижелері қарастырылған (https://www.nmu.edu.kz/kk/kazaksha-oku-uderisi/?lang=KK).

Нұр-Мүбарак ЕИМУ ESG стандарттарына сәйкес өзінің әлеуметтік және корпоративтік жауапкершілігін түсінеді. Осыған байланысты білім беру сапасын қамтамасыз ету және қолдау жұмыс берушілердің, білім алушылардың ұсынысы бойынша Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жыл сайын жаңарту және жаңа пәндерді оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз ету, практика базаларымен шарттарды жаңарту жолымен іске асыру көзделген. БББ-ларының мазмұнын жаңарту мақсатында жұмыс берушілер, білім алушылар, ПОҚ тартыла отырып білім беру бағдарламаларының мазмұны қайта қарау мақсатында алқалы органдар құрылады. Айталық, БББ әзірлеу және сараптау бойынша жұмыс тобы (№056-у 22.08.2022 ж.). 2024-2025 оқу жылына 6В02201 – Исламтану БББ әзірлеу тобы құрамында жұмыс беруші өкілі ретінде *ҚМДБ Діни білім және кадр даярлау бөлімі қызметкері Аманқұлов Х.*, білім алушылар өкілі ретінде *Махатов М.*, ПОҚ өкілі ретінде *Шайзан Б.* қатысса, білім беру бағдарламасы *ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі Б.Мансұровпен*, *Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарма басшысы Н.Қиқымовпен* сараптамадан өткізілген.

6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-ларының құрылымы мен мазмұнында қаралған модульдер мен пәндер БББ-ның мақсаты мен оқыту нәтижелеріне жетуге бағытталған. Мысалы, «Фиқһ және фиқһ негіздері» атты модулінде «Фиқһ негіздері», «Хадистердегі фиқһ үкімдері», «Хадистерге үкімдік талдау», «Шариғи үкімдер» сияқты пәндерді оқыту қарастырған. Пәндер мен оқыту нәтижелері, оларға бөлінген кредит саны өзара байланыста жасалған.

6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-лары бағдарламаны әзірлеудің модульдік қағидатына сүйене отырып, ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық базаның талаптарына сәйкес әзірленген. Айталық, 6В02201 – Исламтану БББ жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі – МЖМС) сәйкес барлық пәндер (БП және ПП циклі) енгізілген. Оған сәйкес барлық пәндер міндетті және элективті компоненттерді қамтитын базалық және бейіндік пәндердің циклдарына сәйкес бөлінеді. Ендігі кезекте БББ-лары бойынша талдайтын болсақ:

6В02201 – Исламтану БББ-ның мазмұны 12 модульден тұрады және әрбір модуль тиісті пәндер мен оқыту нәтижелерін қамтиды. Модульдер мен пәндердің мазмұны ECTS кредиттік оқыту жүйесіне сәйкес қалыптастырылған. Модульдер пәндер мен кәсіби іс-тәжірибелерінен (оқу, өндірістік) тұрады. Академиялық кредиттер МЖМС талаптарын ескере

отырып бөлінген. Пәндер 2-5 кредит көлемінде бағаланады. 6В02201 – Исламтану БББ-ның мазмұнында әрбір пән бойынша дәстүрлі, инновациялық, интерактивті (топтық жұмыс, аудио-видео материалдар) әдістерді қолдана отырып оқыту мақсаты қойылған. Дегенмен де, әрбір пән бойынша оқытудың инновациялық әдістері мен білім алушылардың әртүрлі категориясының мүддесін қолдатын тәсілдер ашылып көрсетілмеген.

7М02201 – Исламтану БББ-ның мазмұны 7 модульден тұрады және әрбір модуль тиісті пәндер мен оқыту нәтижелерін қамтиды. Модульдер мен пәндердің мазмұны ECTS кредиттік оқыту жүйесіне сәйкес қалыптастырылған. Модульдер пәндер мен кәсіби іс-тәжірибелерінен (педагогикалық және зерттеу практикасы) тұрады. Академиялық кредиттер МЖМС талаптарын ескере отырып бөлінген. Пәндер 5 кредит көлемінде бағаланады. 7М02201 – Исламтану БББ-ның мазмұнында әрбір пән бойынша инновациялық, интерактивті (талдау, салыстырмалы, проблемалық талдау т.б.) әдістерді қолдана отырып оқыту мақсаты қойылған және әрбір пән бойынша оқытудың инновациялық әдістері мен білім алушылардың әртүрлі категориясының мүддесін қолдатын тәсілдер ашылып көрсетілген.

6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-лары тиісті нормативтік-құқықтық базаға сәйкес модульдік қағидаттарды қолдана отырып әзірленген. 6В02201 – Исламтану БББ МЖМС талаптарына сәйкес жалпы білім беретін пәндер циклынан, базалық және бейіндеуші пәндер циклынан (ЖОО-ның компоненті, таңдау компоненті, кәсіптік практика), оқытудың қосымша түрлерінен, қорытынды аттестаттаудан тұрады. Айталық, 6В02201 – Исламтану БББ 250 кредиттен тұрады, оның ішінде жалпы білім беретін пәндер циклына – 56 кредит, базалық пәндерге – 111 кредит, бейіндік пәндерге - 75 кредит, қорытынды аттестаттауға – 8 академиялық кредит бөлінген. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығының (соңғы редакциясы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916) 28-тармағына сәйкес «Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитті немесе 1800 академиялық сағатты құрайды» деп көрсетілген. Дегенмен де, 6В02201 – Исламтану БББ-ның оқу жоспарына сәйкес бірінші оқу жылының (2024-2025) оқу жүктемесі - 64 кредитті, екінші оқу жылының оқу жүктемесі - 64 кредитті, үшінші оқу жылының оқу жүктемесі – 61 кредитті, төртінші оқу жылының оқу жүктемесі – 61 кредитті құрайды. 7М02201 – Исламтану БББ 120 кредитке әзірленген, оның ішінде теориялық оқытуға 88 кредит, яғни 39 кредит - базалық пәндер, 49 кредит - кәсіптік пәндерге бөлінген. Теориялық оқудағы пәндер бойынша кредиттердің бөлінуі «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына1-қосымшаға» сәйкес емес. 8 академиялық кредит қорытынды аттестаттауға бөлінген.

6В02201 – Исламтану БББ мазмұнында оқу (1 академиялық кредит) және өндірістік практика (3 кредит) қарастырылған. Студенттер оқу және өндірістік практиканы университет жанындағы оқу-әдістемелік мешітте,

Алматы қалалық Дін істері жөніндегі басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығында (*01.01.2024 ж. келісім-шарт)*, Алматы қаласы мен Алматы облысының мешіттерінде өтеді. 7М02201 – Исламтану БББ педагогикалық (1 академиялық кредит) және зерттеу практикасын (4 кредит) қарастырған. Магистранттар педагогикалық практикадан Нұр-Мүбарак ЕИМУ-дің «Исламтану» кафедрасының базасында өтеді. Зерттеу практикасынан Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығында, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Философия және саясаттану факультеті жанындағы Әл-Фараби атындағы орталықта өтеді (01.02.2022 ж. *келісім-шарт*). БББ аккредиттеудің сыртқы аудитін жүргізудың сараптамалық тобы Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығына барып, орталықтың базасымен, магистранттардың зерттеу практикасын өтудегі мүмкіндіктерімен танысты. Магистранттар мен студенттерге практика өту барысында қоғамның діни ахуалын зерттеу бойынша тапсырмалар беріледі. Бұл студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік дағдыларын дамытады. Нәтижесінде білім алушылар зерттеу жұмыстарына қажетті материалдарды табуына мүмкіндік береді. Практиканың барлық түрлері бойынша қажетті құжаттар (келісім-шарттар, бағдарламалар, бұйрықтар, есептер, күнделіктер, әдістемелік нұсқаулықтар) бар. «Исламтану» кафедрасының отырыстарында практика нәтижелері талқыланып отырады.

6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-лары оқу-әдістемелік қамтамасыз етілген. БББ-ларының пәндері оқыту тілдерінде баспа және (немесе) электрондық басылымдар форматындағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорымен 100% қамтамасыз етілген. Сонымен бірге, пәннің оқу-әдістемелік кешені, сабақ кестесі т.б. материалдар білім алушыларға Moodle (https://dl.nmu.edu.kz/login/index.php) ақпараттық жүйесінде қол жетімді.

Жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде «Исламдағы адам құқығы», «Исламдағы отбасы құқығы», «Қазақ ойшылдарының діни танымы», «Ислам экономикасы». «Исламдағы банкинг» сияқты пәндер 6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-ларының мазмұнына енгізілген. Аталмыш факт жұмыс берушілермен сұқбатта расталды.

Білім беру бағдарламалары сыртқы сараптамадан өтеді. Бұл мақсатта университет проректорының өкімімен БББ әзірлеу және сараптау бойынша жұмыс тобы құрылады. 2024-2025 оқу жылына арналып жасалған 6В02201 – Исламтану БББ ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі *Б.Мансұровпен*, Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарма басшысы *Н.Қиқымовпен* сараптамадан өткізілсе, 7М02201 – Исламтану БББ *ҚМДБ* Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі *Б.Мансұровпен*, Батыс Қазақстан облысының дін істері басқармасының басшысы *М.А. Раманкуловпен* сыртқы сараптамадан өткізілген.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ білім беру бағдарламаларын бағалау мен қайта карауды жүзеге асыруда ақпараттарды жинақтау, талдау және бағалау жүйесі

қалыптастырған. Ақпараттарды жинақтау, талдау және бағалау жүйесі Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің академиялық саясаты, «Сапа саясаты және ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарты», Нұр-Мүбарак ЕИМУ 2022-2026 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары, «Кадрлық саясат туралы ереже» сияқты т.б. университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен реттелген және құрамына университет басшылығымен қатар қызметкерлері, ПОҚ және білім алушылар кіретін алқалы органдардың қызметі арқылы қамтамасыз етіледі.

– 2024-2025 оқу жылындағы білім алушылардың жалпы контингенті – 1642, оның ішінде мемлекеттік білім гранты негізінде – 778. Білім алушылардың контингенті БББ және курстары бойынша төмендегідей:

Кесте 2.1 6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-лары бойынша студенттер контингенті

| № | БББ атауы | Контингенттің жалпы саны | 1 курс | грант | ақылы | 2 курс | грант | ақылы | 3 курс | грант | ақылы | 4 курс | грант | ақылы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 6В02201 – Исламтану | 1584 | 578 | 228 | 350 | 423 | 179 | 244 | 333 | 208 | 125 | 250 | 130 | 120 |
| 2 | 7М02201 - Исламтану | 58 | 27 | 18 | 9 | 31 | 15 | 16 | - | - | - | - | - | - |
| | Барлығы | 1642 | 605 | 246 | 359 | 454 | 194 | 260 | 333 | 208 | 125 | 250 | 130 | 120 |

- Білім алушылардың оқу жетістіктерін ағымдағы бағалау, ағымдағы бақылау, аралық бағалау, қорытынды бағалау баллдық-рейтингтік әріптік жүйемен жүргізіледі. Сұқбат барысында Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің магистранттары мен докторанттары бағалау критерийлері туралы білетіні белгілі болды. Студенттермен жүргізілген сұқбаттарда бағалау критерийлері әрқашан оқытушылармен түсіндіріле бермейтіні анықталды. Университетте қолданылатын бағалау жүйесі туралы ақпаратты жаңадан түскен білім алушылар оқу жылы басындағы бағдарлау кезеңінде таныстырылады (*Академиялық саясат, 4.3-тармақ*). Білімді бағалаудың негізгі ережелері «Студенттерге арналған жолсілтеуші анықтамада» берілген (https://www.nmu.edu.kz/kk/studentke/?lang=KK). 2023-2024 оқу жылындағы оқу үлгерімінің орташа пайызы – 91,7%.
- Білім алушылардың білім беру бағдарламаларына, пәндерге қанағаттануын, студенттерді оқыту және қолдау үшін ресурстардың қолжетімділігін, сондай-ақ ПОҚ мен қызметкерлердің жұмыс жағдайларына қанағаттануын мерзімді бағалау, басқару жүйесі Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нде жүйелі негізде жүргізілетін онлайн-сауалнамалармен қамтамасыз етіледі. Дәлірек айтсақ:

1. «Оқытушы – студенттердің көзімен»;
2. «Оқытушы көзімен университет»
3. «Қызметкер көзімен университет»;

4. «Білім алушылар көзімен университет»

Барлық сауалнамаларда респонденттер тарапынан ұсыныстар мен ұсынымдар енгізуді көздейтін тармақ бар. Сауалнаманың нәтижелері кафедра мәжілістерінде (жалпыуниверситеттік гуманитарлық пәндер кафедрасы, №6 хаттама, 17 қаңтар, 2025 ж.), факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссия отырыстарында (Тілдер және гуманитарлық пәндер факультетінің Академиялық сапа жөніндегі комиссия мәжілісінің хаттамасы №3, 27.03.2024 ж.), Академиялық комитет кеңесінің отырыстарында (Академиялық комитет кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары, 02.09.2023 ж.) талқыланады.

Өзін-өзі бағалау жөніндегі есепте студенттердің бағдарламалар мен пәндерге, ПОҚ мен қызметкерлердің еңбек жағдайларына, басқару жүйесіне, қолда бар ресурстарға қанағаттануы сауалнамалар арқылы мезгіл-мезгіл бағаланатыны көрсетілген. Бұл факт білім алушылармен және ПОҚ-мен сұхбат кезінде расталды. Бұл бізге университетте бұл процедура объективті түрде жүзеге асырылады деп болжауға негіз береді.

- Түлектердің мансаптық өсуін түлектермен кері байланыс жолымен және оқытушылар тәжірибеге шыққан кезде «Исламтану» кафедрасымен қадағаланады. Университеттің көптеген түлектері өз еңбек қызметін жүзеге асыру барысында облыстың кәсіпорындарында да, одан тыс жерлерде де мансаптық өсуге қол жеткізеді. Түлектердің жұмысқа орналасуына жасалған талдау келесі кестеде ұсынылған (кесте 2.2)

Кесте 2.2. 6В02201 – Исламтану БББ бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтер

| Оқу жылы | Оқуды аяқтағандар саны | Жұмысқа орналасқандар саны | Жұмысқа орналасқандар % | Мамандық бойынша жұмысқа орналасу, % |
|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 175 | 162 | 93 | 77,1 |
| 2021-2022 | 186 | 165 | 89 | 75,1 |
| 2022-2023 | 220 | 188 | 86 | 77,6 |
| 2023-2024 | 180 | 158 | 88 | 77,2 |
| 2024-2025 | 250 | - | - | - |

Кесте 2.3. 7М02201 – Исламтану БББ бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтер

| Оқу жылы | Оқуды аяқтағандар саны | Жұмысқа орналасқандар саны | Жұмысқа орналасқандар % | Мамандық бойынша жұмысқа орналасу, % |
|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 12 | 12 | 100 | 100 |
| 2021-2022 | 21 | 21 | 100 | 100 |
| 2022-2023 | 16 | 16 | 100 | 100 |
| 2023-2024 | 17 | 17 | 100 | 100 |
| 2024-2025 | 31 | - | - | - |

***Ескертулер:***

1. Зерттеу тақырыптарының (магистрлік диссертациялар, дипломдық жұмыстар) қазіргі ислам діні мен қазақ қоғамының дамуы, ислам құқығы мен Қазақстан заңнамасының арақатынасы, елдегі діни психология мен діни ахуал мәселелеріне, Орта Азия мен қазақ ойшылдарының (Ы.Алтынсарин, Яссауи, М.Ж.Көпейұлы) діни көзқарастарына арналуы олардың қазақстандық қоғам үшін өзектілігімен айқындалады. 7М02201 – Исламтану БББ-ның мазмұны, онда қаралатын пәндер магистранттардың зерттеу тақырыптарымен тығыз байланысты болуы тиіс. БББ-ның мазмұнына жүргізілген талдау нәтижесінде қазіргі қазақ қоғамы үшін өзекті көптеген мәселелер қамтылмағандығын анықталды. 7М02201 – Исламтану БББ бойынша диссертация тақырыптарын білім беру бағдарламасындағы пәндермен салыстыратын болсақ аса қатты сәйкестік байқалмайды. Осыған орай, 7М02201 - Исламтану білім беру бағдарламасында Орта Азиядағы ислам, Түркі әлеміндегі ислам (Тасаввуф, Суфизм, Яссауи), қазақ қоғамы мен дүниетанымына (Абай, Шәкәрім т.б.), Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша бала, әйел, отбасы құқығы, экстремистік және террористік қылмыстар үшін жауаптылыққа қатысты мәселелер қамтылмаған деп есептейміз.

***Жақсартуға арналған жағы:***

1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу процесіне енгізу, оқу процесінің мазмұнын ғылымның соңғы жаңалықтарымен толықтыру мен молайту мақсатында 7М02201 – Исламтану БББ-ның мазмұнын қайта қарап, Қазақстан үшін өзекті арнайы курстармен толықтыру ұсынылады.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығының (соңғы редакциясы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916) 28-тармағына сәйкес «Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитті немесе 1800 академиялық сағатты құрайды» деп көрсетілген. Сондықтан да, 6В02201 – Исламтану БББ-ның оқу жоспарындағы оқу жүктемелерін талапқа сәйкестендіру ұсынылады.

3. 7М02201 – Исламтану БББ-ндағы теориялық оқудағы пәндер бойынша кредиттердің бөлінісін «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына1-қосымшаға» сәйкестендіру ұсынылады (базалық пәндер 35 кредит, бейіндік пәндер зерттеу практикасын қоса алғанда 53 кредит).

4. Студенттерге силлабустарда (Syllabus) көрсетілген бағалау критерийлері туралы түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізу ұсынылады.

5. Білім беру бағдарламаларының құрылымында оның паспортын қарастыру және онда қазіргі мұқабалық беттегі мәліметтермен қатар бағдарламаның деңгейі, оқыту тілі, білім беру қызметіне алынған лицензия, бағдарламаның (ЖОО-ның) акредиттелгендігі туралы мәліметтер, қолданылатын кәсіби стандарттарды көрсету ұсынылады.

6. 6В02201 – Исламтану БББ-ның мазмұнында әрбір пән бойынша дәстүрлі, инновациялық, интерактивті (топтық жұмыс, аудио-видео материалдар) әдістерді қолдана отырып оқыту мақсаты қойылған. Осыған сәйкес, әрбір пән бойынша оқытудың инновациялық әдістері мен білім алушылардың әртүрлі категориясының мүддесін қолдатын тәсілдерді ашып көрсету ұсынылады.

**2-стандартқа сәйкестік деңгейі - маңызды сәйкестік**

## Стандарт 3. Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау

**Дәлелдемелер және талдау:**

Нұр-Мүбарак ЕИМУ әрбір білім алушының сұраныстарын қолдау және оны қамтамасыз ету мақсатында жеке оқу траекториясын дербес анықтауға мүмкіндік беріледі. Білім алушы білім беру бағдарламасында және элективті пәндердің каталогының негізінде ЖОО компоненті және таңдау компоненті шеңберінде Академиялық күнтізбеге сәйкес пәндерге таңдау жасайды (*Академиялық саясаттың 4 тарауы*). Пәндерді таңдау қажетті консультациялар беретін эдвайзерлердің (магистранттарда ғылыми кеңесшілердің) көмегімен жүзеге асырылады. Бұл мақсатта арнайы кесте құрылып, эдвайзерлер презентациялар өткізеді (*Академиялық саясат 4.2 тармағы*). Білім алушының жеке оқу жоспарын өзгерту мүмкіндігі де беріледі. Мұндай мүмкіндік қайта тіркелу кезеңінде беріледі. Білім алушылармен сұхбат барысында пәндерге таңдау наурыз-сәуір айларында жүргізілетіні белгілі болды. Оқытушыларды таңдауға берілетін мүмкіндіктер және пәндердің мазмұны мен оны жүргізудегі әдістер туралы ПОҚ тарапынан жүргізілетін жұмыстар туралы сұхбат барысында расталған жоқ. Сұхбат барысында оқытушылар әртүрлі білім алушылардың сұраныстарын ескеру мақсатында kahoot, quiz, кластерлік әдіс, кері аударылған сынып, миға шабуыл т.б. әдістерді қолданатынын растады. Ерекше қажеттіліктері бар тұлғалар, басқа да білім алушылар секілді олардың ерекшеліктері ескеріле отырып жеке оқу жоспарына сәйкес оқытылуы мүмкін (*Академиялық саясат т.13.2, 6-тармақшасы*).

Студентке бағытталған оқыту принципін іске асыру кезіндегі Нұр-Мүбарак ЕИМУ саясаты білім беру процесін жобалау және ұйымдастыру тәсілін қамтиды, онда негізгі назар әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыруға аударылады, білім алушы оқытушымен қатар қызмет субъектісі ретінде әрекет етеді, ал оның жеке дамуы негізгі білім беру мақсаттарының бірі болып табылады. Бұл сабақтарға қатысуда студенттердің белсенділігінен, сұхбат барысында білім алушылардың берген мәліметтерінен байқалды. Бұл мақсатта ПОҚ заманауи онлайн-платформаларды (*kahoot, quiz т.б.*), жобалық оқытуды (*діни экстремизм т.б. туралы роликтер түсіруге тапсырма беріледі*), проблемалық бейімделген оқытуды, кері аударылған сыныпты,

тәлімгерлікті (*ұстаздардың құран жаттаудағы тәлімгерлігі*) қолданады, сабақтарды ойын әрекеті арқылы жүргізеді (*араб, ағылшын тілдерін меңгеруде*).

Нұр-Мүбарак ЕИМК-нің «Академиялық саясатында» оқытудың формалды нысандарымен қатар (күндізгі, қашықтықтан оқыту) формальды емес оқыту нәтижелерін қайта есепке алатыны айтылады. (*Академиялық саясаттың 9.1 тармағы*). Осыған қарамастан, оқу пәндері университет ПОҚ-ның күшімен түсірілген жалпыға ортақ онлайн курстармен қамтамасыз етілмеген. Сараптамалық топ мүшелері сабақтарға қатысуы барысында сабақтарда жеке, топтық, фронтальды, жұптық, ұжымдық әдістердің қолдана отырып жұмыс жасайтынын байқады. Атап айтсақ, оқытушы В.Романлэ «Құран жаттау 6» практикалық сабағы (*210 д., 1 к., 6В02201 – Исламтану, 4 курс (қыздар Алиф*), М.Паттев «Таңдамалы тәпсір мәтіндері» семинар (*310 д., 1 к. 6В02201 – Исламтану, 4 курс (қыздар Бә*), Мұхамед Абду Ал «Ақида саласы бойынша тақырыптық зерттеу» семинар (*303 д., 1к. 7М02201 – Исламтану, 1 курс*) т.б. Жекелеген оқытушылар студенттердің сыни ойлауын дамытудың әдістері мен әдістерін қолданады. Белгілі бір педагогикалық әдістерді қолдану тиімділігін талдау және білім беру процесін ұйымдастыру мақсатында білім алушылармен кері байланыс дәріс және практикалық сабақтарда, оқу және өндірістік практикалар кезеңінде, сондай-ақ өзіндік жұмыс сағаттарында жүзеге асырылады. Білім алушылармен өзара іс-қимыл өзара сыйластық пен ізгі ниет атмосферасында жүзеге асырылады.

Академиялық саясаттың 4-тарауында қаралған ережелерге сәйкес білім алушының білім беру траекториясы оқу жұмыс жоспары және білім алушының жеке оқу жоспарларымен анықталады және де білім алушы жеке оқу траекториясын анықтау кезінде ЖОО компоненті және таңдау компоненті шеңберінде:

1) негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді;

2) қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдайды деп көрсетеді. Сұқбат барысында білім алушылар да, ПОҚ мен кафедра меңгерушілері оқу пәндерін таңдау әрбір оқу жылының наурыз-сәуір айларында жүргізілетінін растады. Құжаттармен танысу нәтижесінде білім алушылардың элективті пәндерге жазылуы эдвайзерлердің, офис-тіркеушісінің көмегімен жүзеге асырылатыны анықталып, жеке оқу жоспарлары бар болуы мен оның бекітілуі тексерілді (университеттің Академиялық мәселелер департаменті басшысымен бекітілген).

Білім алушылар оларды бағалаудың шкаласымен, емтихандар және бақылаудың басқалай түрлері туралы хабардар етілген. ЖОО-дағы қолданыстағы бағалау жүйесі туралы ақпаратты білім алушы бағдарлау аптасын өткізу кезінде деканмен, кафедра меңгерушісімен, куратормен (эдвайзермен) кездесулер өткізген кезде бірінші курста алады. Білімді бағалаудың негізгі ережелері «Студенттерге арналған жолсілтеуші анықтамада» (*4.5-тармағы*), Академиялық саясатта (*10-тарау*), «Сапа саясаты және ішкі сапаны қамтамасыз ету стандартында» (*6-тарау*)

қарастырылған. Бағалау критерийлері әрбір пәннің силлабустарында пәннің ерекшеліктеріне байланысты берілген және олар жалпыға ортақ бағалау жүйесіне, әділдік пен айқындық критерийлерінің принциптеріне сәйкес жасалған. Сұхбат барысында бакалавриатта білім алушылардың пәндер бойынша бағалау критерийлерімен таныс емес екендігі байқалды.

Дәлелді себептер болған жағдайда (денсаулығына, отбасы жағдайына, қызметтік себептерге байланысты) студентке емтиханды жеке кесте бойыншаға Академиялық мәселелер департаменті рұқсат бере алады. Академиялық мәселелер департаментіне науқастығы, сәбидің дүниеге келуі, жақын туыстарының қайтыс болуы, қызметтік немесе оқу іссапарында болуына байланысты жағдайларды растайтын анықтамалар тапсырылған жағдайда емтиханды жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат беріледі.

Аралық аттестаттау тестілеу түрінде, ауызша және жазбаша нысанда немесе аралас түрде өткізіледі. Тестілеу түрінде немесе жазбаша нысанда өткізілген емтихандарды өткізу кезінде бақылаушылар қойылады. Жазбаша емтиханда бақылаушы білім алушыларды жеке куәліктері негізінде емтиханға кіргізіп, емтиханды қабылдап болғаннан соң жауап парақтарын офис регистраторға өткізеді. Емтихан нәтижесін дәрісті жүргізген оқытушы бағалайды. Сұхбат барысында кафедра меңгерушілері, ПОҚ ауызша емтихандар кафедра тарапынан бекітілген кемінде 2 оқытушыдан тұратын комиссия құрамымен алынатынын айтты. Ауызша емтихандарды ұйымдастыру мен өткізуді реттейтін нормалар Академиялық саясатта қамтылмаған.

Жоғарыда атап кеткеніміздей, университетте жүйелі түрде әр пән бойынша «Оқытушы студенттердің көзқарасымен» атты сауалнама жүргізіледі. 2023-2024 оқу жылындағы сауалнама нәтижесінде, студенттердің ұсынылып жатқан қызметтерге толықтай қанағаттанатындықтарын жеткізді. Университет оқу орнының білім беру қызметтерін жоғары және өте жоғары деп бағалайтын студенттер тобын арттыруды мақсат етеді. Соңғы жүргізілген сауалнаманың негізінде барлық сауалдар бойынша студенттердің жалпы қанағаттану деңгейінің орташа баллы 78% көрсеткішті құрады.

***Ескертулер:***

1. Білім алушылардың білімін бағалау жүйесі жалпы қабылданған, әділдік және айқындық принциптеріне сәйкес болуы тиіс. Осы мақсатта жазбаша емтихан жауаптарын тексеруді пәнге маманданған кафедра оқытушыларынан құралған комиссияның (пән оқытушысы емес) тексеруін қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ, әділдік пен объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында жауап парақтарын шифрлау арқылы білім алушының аты-жөнін жасыру ұсынылады.
2. Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің академиялық саясатын ауызша емтихандарды ұйымдастыру мен өткізудің ережелерімен толықтыру қажет.

***Оң тәжірибе:***

1. «Студенттерге арналған жолсілтеуші анықтама» жыл сайын жаңартылып, өзектендіріледі (мысалы, ағымдағы жылдың Академиялық күнтізбесі қоса беріледі).

2. Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің сапа менеджменті жүйесі бөлімімен жүргізілетін сауалнамалардың нәтижелері шынайы жағдайларға негізделеді және тиісті құрылымдық бөлімшелерде талданып, қажетті шаралар іске асырылады.

***Жақсартуға арналған жағы:***

1. Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің академиялық саясатында пәндерге тіркелуде білім алушылардың оқытушыны таңдауына мүмкіндік беретін, оны ұйымдастырудың ерекшеліктеріне қатысты ережелерді қарастыру қажет.

2. Оқу пәндерінің мазмұны, ондағы қолданылатын әдістер және қалыптастырылатын дағдылар мен біліктер туралы профессор-оқытушылардың таныстыруы (презентациялау) туралы ережені Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің академиялық саясатында қарастыру қажет.

3. Университет сайтындағы мәліметтермен таныса алу мүмкіндігін арттыру мақсатында мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға (көзі нашар көретін, құлағы нашар еститін) қол жетімді болатындай нұсқасын әзірлеу қажет.

4. Оқу пәндерін меңгерудің формальды емес нысандарын дамыту мақсатында пәндер бойынша жалпыға ортақ ашық онлайн курстарды (Massive open online course – Массовые открытые онлайн-курсы) әзірлеп, университет сайтына орналастыру қажет.

5. Оқу пәндері бойынша бағалау критерийлерін силлабустарда әрбір пәннің ерекшелігін ескере отырып нақтылауды талап етеді. Сондай-ақ, білім алушыларды сабақ барысында бағалау критерийлерімен таныстыру жұмыстарын үнемі жүргізу қажет. Кейбір пәндер бойынша бағалау шкаласын білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларында қаралған бағалаудың әріптік жүйесіне сәйкестендіруді қажет етеді.

**3-стандартқа сәйкестік деңгейі - маңызды сәйкестік**

## Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау

**Дәлелдемелер және талдау:**

Нұр-Мүбарак ЕИМУ талапкерлерді қабылдауды ҚР БМҒМ 2018 жылғы 31 қазанындағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №600 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады. 6В02201 – Исламтану БББ қабылдау шығармашалық емтихан нәтижесінде жүргізіледі. Шығармашылық емтихан кәссіби дайындығын анықтау үшін әңгімелесу мен дін негіздері бойынша ауызша емтихан алу түрінде алынады. Шығармашылық емтихан бағдарламасы

әзірленген және университет сайтында келесі сілтеме бойынша қол жетімді (https://www.nmu.edu.kz/kk/bakalavriat-2/). Емтихан бағдарламасында оны қабылдаудың тәртібі, нормативтік талаптары, емтихан сұрақтары берілген.

Университеттің кәсіптік бағдар беру жұмысы мыналардан тұрады: университетпен (Ашық есік күні, Олимпиада өткізу), факультетпен, кафедрамен (студенттердің университетте өткізілетін іс-шаралар кезінде; университет оқытушыларының келуі және онда шеберлік сыныптарын, түрлі мәдени-бұқаралық тәрбие іс-шараларын өткізу кезінде; ПОҚ-ның мүше ретінде қатысуы арқылы өзінің болашақ мамандығын таңдау үшін ақпарат беру қазылар алқасы, аймақтық, республикалық пәндік олимпиадаларға, конференцияларға қатысушылар және т.б.). Сондай-ақ газеттерде, журналдарда және интернет желісінде (әлеуметтік желілер арқылы) жарнамалық мақалалар орналастырылады.

«Исламтану» кафедрасы кәсіби бейіндеу шараларын әзірлеп, өткізіп отырады. Контингентті сақтау үшін оқу процесін, әдістемелік материалдарды, материалдық-техникалық базаны, тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша жұмыстар үнемі жүргізілуде.

Талапткерлер үшін қажетті ақпараттардың қайнар көзі болып университет сайты табылады. Сайттың «Талапкер» деп аталатын бөлімінде түсу үшін дайындық курстары, талапкерлерге қажетті шығармашылық емтихан бағдарламалары, бітірген түлектер туралы мәліметтермен таныса алады. Сонымен қатар, университет аумағында қабылдау комиссиясы туралы мәліметтер қамтылған ақпарат тақталары ілінген. Аталған ақпарат тақталарында қабылдау комиссиясы жайындағы, шығармашылық емтихандарын қабылдау уақыты, гранттар тағайындаудың университетішілік, аумақтық және республикалық конкурстары туралы мәліметтерді қамтиды.

6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-ларына бірінші курсқа түскен білім алушылар университет туралы мәліметтерді, факультеттер, білім беру бағдарламалары, ПОҚ, ішкі тәртіп ережелері, кредиттік технология бойынша оқытудың ерекшеліктері, академиялық ұтқырлық, ауысу, қайта оқуға қабылдау, оқудан шығару тәртібі, кітапхананы пайдалану ережесі, студенттерді әлеуметтік қолдау, жатақханада тұру ережесі туралы, академиялық күнтізбемен және өтініш үлгілерімен «Студенттерге арналған жолсілтеуші анықтамадан» таныса алады. Жолсілтеуші анықтама университет сайтында төмендегі сілтеме бойынша https://www.nmu.edu.kz/kk/studentke/?lang=KK қол жетімді.

Университетте студенттерді әлеуметтік қолдау жолға қойылған. Жетім студенттерге 20%, жартылай жетім, көп балалы отбасынан шыққан студенттерге, мүмкіндігі шектеулі студенттерге 10% жеңілдік қарастырылған (*Студенттерге арналған жолсілтеуші анықтаманың 8-тарауы*). Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың жеке тұлғалық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында корпустар мен жатақханалар лифтілермен, пандус және арнаулы оқу құралдарымен (көзі көрмейтіндерге арналған құран кітаптары) қамтылған. Академиялық саясат инклюзивті білім берудің тәртібін жеке

қарастырған. Оған сәйкес ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға жатақханадан орын кезектен тыс бірінші кезекте беріледі. Практика базаларында іс-тәжірибеден өтуде олардың мүмкіндіктері ескеру, сондай-ақ «Дене шынықтыру» пәнін меңгеруде де ерекше тәртіп қарастырылған (*Академиялық саясаттың 13.2 тармағы*). Нұр-Мүбарак ЕИМУ мен «ДостарМед» көпсалалы медициналық орталығы арасында жасалған келісімшарт негізінде білім алушылар емхана қызметін МӘСҚ негізінде тегін пайдаланады. Шетелдік студенттер сақтандыру негізінде медициналық көмекке жүгінеді. Университетте қызмет атқаратын Жастар ісі жөніндегі комитет, ЖІЖК Қыздар бөлімі, Спорт секторы білім алушылардың қоғамда көрінуіне, студенттік өмірде туындайтын мәселелерді шешуге, олардың әлеуметтік белсенділігінің артуына, шығармашылық әлеуетін тауып, кәсіби дайындығының көтерілуіне жағдай жасайды.

Сұхбат барысында магистранттар "Исламтану" кафедрасы жұмыс іздеуде көмек көрсететінін атап өтті. ПОҚ магистранттар мен түлектерді жұмысқа орналастыруға жұмыс беруші серіктестермен тікелей байланыстарды және ЖОО - ның ақпараттық ресурстарын пайдалана отырып жәрдемдеседі.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ басқарудың жеделдігі барлық нақты оқиғалары мен процестерін көрсететін орталықтандырылған дерекқоры бар Platonus 6.0 (https://edu.nmu.edu.kz/) автоматтандырылған ақпараттық жүйесін пайдалану есебінен қамтамасыз етіледі. Студенттердің үлгерімі туралы ақпарат Platonus 6.0 (https://edu.nmu.edu.kz/) ақпараттық жүйесінде көрсетеді. Қорытында аттестациялаудың нәтижесі Нұр-Мүбарак ЕИМУ Ғылыми кеңесінің отырысында қаралады. Соңғы жылдардағы қорытынды аттестаттау нәтижелерін талдайтын болсақ үлгерім нәтижесінде өсім байқалады. Мысалы, 6В02201 – Исламтану білім беру бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылындағы үлгерім 84%-ды құраса, 2023-2024 оқу жылында 85%-ды құраған.

Білім беру бағдарламаларының тиімділігі БББ әзірлеу және сараптау бойынша жұмыс тобында, академиялық сапа жөніндегі комиссияда, Академиялық комитетте, Ғылыми кеңесте тақылай отырып БББ мазмұнын жыл сайын 30%-ға жаңатылуынан көрінеді. Студенттерден алған сауалнама негізінде 2024-2025 жылдан  бастап асхана мәзірін өзгерту, жеңілдіктер қарастыру, ПОҚ-на отыратын жерлер қарастыру сияқты мәселелер шешімін тапқан.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ қорытынды аттестаттаудан өткен студентке «бакалавр» дәрежесі тағайындалып, ректордың бұйрығымен диплом және жалпыеуропалық үлгідегі (Diploma Supplement) құжатты, магистранттың сұрауы бойынша дипломға жалпыеуропалық қосымшаны (Diploma Supplement (диплом саплэмент) тегін беріледі (https://www.nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2025/02/akademyalyk_sayasat-V.pdf).

***Жақсартуға арналған жағы:***

1. ЖОО оқуға қабылдауда талапкерлерді әзірленген бағалау критерийлері бар, ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ететін ақпараттармен қамтмасыз етуі тиіс. Осыған сәйкес Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің барлық білім беру бағдарламалары бойынша (соның ішінде Исламтану да) оқуға қабылдаудың талаптарын, қажетті құжаттардың, шығармашалық емтихандарының бағалау критерийлерін т.б. сұрақтарды қамтитын қабылдау ережесін бекіту қажеттігі бар.

2. Түлектер ассоциациясы мен жұмыс берушілер Кеңесінің жұмысын жандандыру және тиімді кері байланысты қамтамасыз ету үшін шаралар жүйесін әзірлеу ұсынылады;

3. Халықаралық ашықтықты және біліктіліктерді (дипломдарды) объективті академиялық және кәсіби тануды қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ академиялық ұтқырлықты және аккредиттелген білім беру бағдарламалары бойынша оқуды сәтті аяқтаған түлектерге білім беру бағдарламаларының салыстырмалылығын дамыту мақсатында Еуропалық үлгідегі дипломға қосымшаны (Diploma Supplement) автоматты түрде алуға мүмкіндік беру ұсынылады.

**4-стандартқа сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік**

## Стандарт 5. Профессорлық-оқытушылар құрамы

**Дәлелдемелер және талдау:**

«Кадрлық саясат туралы ереже» Нұр-Мұбарак ЕИМУ-нің Ғылыми кеңесімен бекітілген (құжатта бекіту мерзімі көрсетілмеген). Кадрлық саясаттың мақсаты болып университеттің мақсаттарына жету үшін қажетті және миссиясына жауап беретін жоғары кәсіби деңгейі бар университеттің кадрлық құрамын қалыптастыру, дамыту және басқару жүйесін құру болып табылады. Аталмыш ереже университет сайтын мына сілтеме бойынша https://www.nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2022/05/SMZH.-Kadrlyk-sayasat-Erezhesi.pdf қол жетімді.

Штаттағы ПОҚ-ның саны соңғы 5 жылда 41-ден 51 қызметкерге дейін ұлғайған, бұл студенттер санының ұлғаюымен түсіндіріледі (кесте 5.1).

Кесте 5.1. Исламтану кафедрасы бойынша ПОҚ сапалық және сандық көрсеткіштері

| Мамандық шифрыі | Мамандық атауы | ПОҚ барлығы / оның ішінде штаттағы | Ғылым докторлары,профессорлар/ оның ішінде штаттағы | Ғылым кандидаттары, доценттер/ оның ішінде штаттағы | PhD, қауымдастырылған профессор (доцент) | PhD | % ғылыми атағымен / оның ішінде штаттағы | Сағатқа келушілер | Штаттық кестеге сәкес ПОҚты жинақтау | Ғылыми педагогикалық жұмысының өтілі | | | ПОҚ-ның орташа жасы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | 5 жыл | 5-15 жыл | 15 жылдан жоғары | 35 жасқа дейін | 35-50 жас | 50 жастан жоғары/ оның ішінде зейнеттегілер |
| 2020-2021 оқу жылы | Исламтау | 41 | 1 | 3 | 1 | 19 | 59 % | 6 | | 9 | 27 | 5 | 9 | 27 | 5 |
| 2021-2022 оқу жылы | Исламтану | 41 | 1 | 4 | 1 | 18 | 59% | 1 | 41 | 9 | 26 | 6 | 9 | 26 | 6 |
| 2022-2023 оқу жылы | Исламтау | 38 | 1 | 3 | 1 | 17 | 58% | 8 | 38 | 6 | 26 | 6 | 7 | 24 | 7 |
| 2023-2024 оқу жылы | Исламтау | 46 | 1 | 3 | 2 | 19 | 54,3% | 8 | 46 | 4 | 36 | 6 | 10 | 29 | 7 |
| 2024-2025 оқу жылы | Исламтау | 51 | - | 1 | 3 | 21 | 49% | 7 | 44 | 6 | 31 | 7 | 10 | 26 | 8 |

ПОҚ қамтамасыз етілуі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

«Исламтану» кафедрасының ПОҚ базалық білімі жоғары (дінтану және исламтану білім беру бағдарламалары бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі). Талдау нәтижесінде ПОҚ-ның білімі, ғылыми дәрежесі мен атағының шифры оқу пәндеріне сәйкес екені анықталды. Оқу жылына оқу жүктемесін есептеуді кафедра білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарына және контингентке сәйкес жүзеге асырады. Барлық оқытушылар тиісті сертификаттармен расталған оқытылатын пәндер бейіні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Сонымен қатар, ПОҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың әдіснамалық негіздерін де меңгерген және тиісті біліктілік арттыру курстарынан өткен (QR-кодтар арқылы расталды). Осы мақсатта ПОҚ-ның сертификатталуы қаралды (Анарбаев Н.С., Акимханов А.Б., Елдесбай А.Т., Илесбеков Б.О., Смагулов Н.А., Абдуссамад Д.М. т.б.). Нұр-Мүбарак ЕИМУ 6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-лары

бойынша өндірістен мамандар шақырады. Айтар болсақ, А.Ш. Жамашев, Ж.Ж. Орынбасаров, О.Б. Бейсенали, Е. Шоқай т.б.

ПОҚ қызметі оқытушының жеке оқу жоспары негізінде жоспарланады. 2024-2025 оқу жылындағы ПОҚ-ның жеке жұмыс жоспарлары Академиялық мәселелер департаментінің директорымен келісіліп, университет проректорымен бекітілген (*02.09.2024 ж.*). ПОҚ-ның жеке жұмыс жоспарлары оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмыстарынан тұрады. Оқытушыларға педагогикалық жүктеме кредит саны бойынша белгіленеді. Барлық ПОҚ-ның жеке жұмыс жоспарларында оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмыстар кредитпен есептелген. Алайда, бұл жұмыстар жүктеме ретінде төлем жасауда есепке алынбайды. Бұл жұмыстарды Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің миссиясына, стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін қоғамдық жұмыс деп санауға болады. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмыстары барлық ПОҚ-мен жалпылама түрде жоспарланған (*Исламтану кафедрасынан Бейсенали О.Б.*). Яғни ғылыми-зерттеу жұмыстарды «Қазақстанда өтетін конференцияларда баяндама жасау», «Мақала жариялау» т.б., ғылыми-әдістемелік жұмыстарды «кафедра мәжілісіне материалдар дайындау», «Сертификат алу арқылы біліктілікті арттыру» т.б., тәрбие жұмыстарын «кафедраның қоғамдық жұмыстары», «студенттермен мешітте кездесу» сияқты т.б. тақырыптарда бекіткен. Тақырыптарда нақтылық жоқ деуге болады. ПОҚ-мен өткізілген сұқбатта орта оқу жүктемесі 21 кредит екенін айтты. Дегенмен де, Исламтану кафедрасының 2024-2025 оқу жылына арналған штаттық кестесін талдай келе, 1,5 бірлікке жұмыс жасайтын кейбір оқытушылардың оқу жүктемесі сәйкесінше 40 (Tarih Zahran), 41 (Sagyd Shesheni), 41 (Ryda Badran), 40,5 (Saad Abu Ganima) кредит жоспарланғаны анықталды. Сонымен бірге, жеке жұмыс жопарларының орындалуын мониторинг жасаудың жүйесі қарастырылмаған.

Оқытушылардың білім беру бағдарламасын жетілдіруге қатысуы ПОҚ пікірін ескере отырып, білім беру бағдарламасын өзектендіру арқылы жүзеге асырылады; элективті пәндерді оқытуға арналған кредиттер көлемін жоспарлау; курс саясатын анықтау; бақылау тапсырмаларын тапсыру кестесін жоспарлау; білім алушылардың білімін бақылауды ұйымдастыру; магистрлік диссертациялар тақырыбын жаңарту; практика базаларын кеңейту; оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу; ПОӘК дайындау; ашық сабақтар мен өзара сабақтар процесінде сапа мониторингінің нәтижелерін ескере отырып, пәндерді оқыту әдістері мен нысандарын өзгертіп отыру.

ПОҚ қызметіне қойылатын негізгі талаптардың бірі модульдік білім беру бағдарламаларына сәйкес әзірленетін оқу бағдарламаларының, пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-лары ПОҚ өзінің кәсіби және педагогикалық құзіреттіліктерін дамытумен үнемі айналысады. Бұл ашық сабақтарды ұйымдастыру, сабақтарға өзара қатысу, студенттерге

сауалнама жүргізу және т. б. арқылы жүзеге асырылады. Ашық және бақылау сабақтарының, сабақтарға өзара қатысудың кестелері әрбір оқу семестрі басталар алдында жасалады және кафедра меңгерушісі бекітеді. ПОҚ сабақтарына өзара қатысу бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

«Исламтану» кафедрасының ПОҚ шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда өздерінің мақалаларын үнемі жариялап отырады.

Соның ішінде, «Исламтану» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент) А.Ш. Адилбаевтың ғылыми жетекшілыгымен «Қазақ қоғамында діни сананы қалыптастыруда матуридилік сенім жүйесінің рөлі мен Ислам-іші плюралистік дискурс шығару перспективалары» тақырыбындағы ғылыми жоба гранттық қаржыландыру негізінде жүзеге асырылған. (AP05134195, 2018-2020 жж.). Аталмыш жоба негізінде дайындалған «Матруди сенім жүйесі жән қазақи діни таным үйлесімі» атты монография оқу процесіне енгізілген. Бұдан бөлек Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің университетішілік қаржыландыруымен іске асырылған 7 іргелі ғылыми-зерттеу жобалары бар. Соның ішінде, 2 ғылыми жоба кафедра оқытушылары Р.С.Мухитдинов және Ш.А. Адилбаеваның ғылыми жетекшілігімен жүзеге асырылған (https://www.nmu.edu.kz/kk/sience_and_innovation/). Дегенмен де, жоғарыдағы жобалар аясында 6В02201 – Исламтану БББ, 7М02201 – Исламтану БББ білім алушылары орындаушылар ретінде қатыспаған.

Кесте 5.2. Исламтану кафедрасы оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми жарияланымдар тізімі

| № | Аты-жөні | Мақалалар саны | Мақалалар |
|---|---|---|---|
| 1 | Курманбаев К. | 1 Scopus | Some Trends in Islamic Education Forming Spiritual and Cultural Values of the Youth under the Influence of COVID-19 (the Experience of Madrasah Colleges in the Republic of Kazakhstan).<br>European Journal of Contemporary Education, 2023, 12(4), 1410–1421 бб. |
| 2 | Анарбаев Н. | 1 ҒМ | Анарбаев Н., М.Шоев, Қ.Бағашаров, Н.Тутинова. Қырғызстан: банк заңнамасын сақтау, ААОИФИ шариғат стандарттарына сай исламдық банкинг бөлімі. «ҚазҰУ Хабаршысы, Дінтану сериясы» журналы №4 (36) 2023 |
| 3 | Адилбаев А. | 2 ҒМ | 1. THE MAIN ASPECTS AND PROBLEMS OF AL-FARABI'S PHILOSOPHY. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. №4. 2023 https://bulletin-philospolit.kaznu.kz<br>2. Қазақ жеріндегі уақыптардың діни-әлеуметтік маңыздылығы. Хабаршы. Дінтану сериясы. №2 (34) 2023 https://bulletin-religious.kaznu.kz |
| 4 | Мухитдинов Р. | 3 ҒМ | 1. Деобанд оқу орындарында оқытылатын фиқһ еңбектері // АДАМ ӘЛЕМІ №3 (97) 2023, қыркүйек https://doi.org/10.48010/2023.3/1999- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1 Scopus | 5849.14<br>2. Islamic studies analysis of abai's beliefs in poems written between 1855-1891. «ҚазҰУ Хабаршысы, Дінтану сериясы» журналы №1 (37) 2024 https://doi.org/10.26577//EJRS.2024.v37.i1.r2<br>3. Da'wah, Internet, and Social Reality. Dakwatuna: Jurnal Dakwah dan Komunikasi Islam Vol. 10, no.1 (Februari 2024)<br>4. Some Trends in Islamic Education Forming Spiritual and Cultural Values of the Youth under the Influence of COVID-19 (the Experience of Madrasah Colleges in the Republic of Kazakhstan). European Journal of Contemporary Education, 2023, 12(4), 1410–1421 бб. |
| 5 | Оқан С. | 1 ҒМ | 1.Үнді субконтинентіндегі сопылық тариқаттардың қалыптасу тарихы // Хабаршы. Дінтану сериясы. No1 (33)2023,https://doi.org/10.26577//EJRS.2023.v33.i1.r3 Курманбаев К., Абдилхаким Б., Акимханов А. |
| 6 | Адилбаева Ш. | 1 ҒМ | Қазақ жеріндегі уақыптардың діни-әлеуметтік маңыздылығы //Хабаршы. Дінтану сериясы. №2 (34) 2023 https://bulletin-religious.kaznu.kz |
| 7 | Жамашев А. | 3 ҒМ | 1. Бейбарыс сұлтанның есімі мен лақаб аттарының этимологиялық-тарихи анықтамасы // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. - №3 (110). - 2023. - Р. 117-122.<br>2. Modernisation of islamic religious consciousness and the concept of islamic mind. // Әл-Фараби әлеуметтік-гуманитарлық зерттеу журналы. - № 3 (83). - 2023. - Р. 110-124.<br>3. Түркілер және ислам: түркілерге қатысты риуаяттарға хадиснамалық талдау. Том 37 № 1 (2024): ҚазҰУ Хабаршысы, Дінтану сериясы, 2024. https://doi.org/10.26577//EJRS.2024.v37.i1.r3 |
| 8 | Стамбакиев Н. | 1 ҒМ | Исламдық қаржы өнімдерінің діни негіздері: мудараба, мушарака және мурабаха //Хабаршы. Дінтану сериясы. № 2 (34) 2023, 74-82 бб. |

Білім алушылар контингентінің әртүрлілігін, олардың сұраныстарын саралауды ескере отырып ПОҚ оқу материалдарын таңдау мен әзірлеуде әртүрлі форматтар мен нысандар қолданады. Сыртқы аудит тобымен сабақтарға қатысу барысында оқытуды ұйымдастырудың жеке, топтық, жұптық, ұжымдық, фронтальды сияқты жалпы формаларын, дәріс, семинар, конференция, өзіндік жұмыс, практикалық сабақ сияқты сыртқы формаларын, сондай-ақ кіріспе сабақ, білімдер мен дағдаларды тереңдетуге байланысты сабақ, білімдерді жүйелендіруге бағытталған сабақ, білімдер мен меңгеруін, дағдыларын бақылауға бағытталған сабақ, кешенді сабақ сияқты

ішкі формаларын қолданатыны байқалды. Студентке бағытталған оқыту принципін іске асыру кезіндегі Нұр-Мүбарак ЕИМУ саясаты білім беру процесін жобалау және ұйымдастыру тәсілін қамтиды, онда негізгі назар әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыруға аударылады, білім алушы оқытушымен қатар қызмет субъектісі ретінде әрекет етеді, ал оның жеке дамуы негізгі білім беру мақсаттарының бірі болып табылады. Бұл сабақтарға қатысуда студенттердің белсенділігінен, сұхбат барысында білім алушылардың берген мәліметтерінен байқалды. Бұл мақсатта ПОҚ заманауи онлайн-платформаларды (*kahoot, quiz т.б.*), жобалық оқытуды (*діни экстремизм т.б. туралы роликтер түсіруге тапсырма беріледі*), проблемалық бейімделген оқытуды, кері аударылған сыныпты, тәлімгерлікті (*ұстаздардың құран жаттаудағы тәлімгерлігі*) қолданады, сабақтарды ойын әрекеті арқылы жүргізеді (*араб, ағылшын тілдерін меңгеруде*). Сұхбат барысында ПОҚ әртүрлі білім алушылардың сұраныстарын ескеру мақсатында kahoot, quiz, кластерлік әдіс, кері аударылған сынып, миға шабуыл т.б. әдістерді қолданатынын растады. Білім алушылармен сұқбатта да сабақ барысында қолданылатын әдістер туралы мәлімет анықталды.

2020-2024 жылдардағы қызметкерлердің орташа жалақысының деңгейін талдау (университеттің өзін-өзі бағалау есебіндегі 9.3 -кесте) соңғы 5 жылда жалақы өскенін көрсетті. Қызметкерлерде академиялық дәрежелер мен атақтардың болуы үшін сыйақы мен қосымша ақы төлеу жүйесі де бар.

***Жақсартуға арналған жағы:***

1. Кадрлық саясат туралы ережені лауазымдарға қойылатын талаптардың, жұмысқа қабылдау, қызметте жоғарылату, марапаттау, қысқарту, жұмыстан босату бойынша талаптардың толық қамтылуы үшін қайта қарау, толықтыру мен құзіретті органмен бекіту ұсынылады;
2. «Исламтану» кафедрасы ПОҚ-ның біліктілігін талдай нәтижесінде штаттағы 8 оқытушының докторантураның курсын толық бітіргенін анықталды. Осығна сәйкес, БББ бойынша ғылыми дәрежелілікті артттыру жұмыстарын жандандыру мақсатында аталмыш оқытушыларға ғылыми, ғылыми-әдістемелік бағыт беру ұсынылады;
3. Академиялық саясатта пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін дайындау мен оны жетілдірудің ережелерін қарастыру қажет;
4. ПОҚ-ның жеке жұмыс жоспарларында ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмыстарында жоспарлауда нақтылық қажет. Сонымен бірге ПОҚ-ның жеке жұмыс жоспарларында жоспарланған жұмыстардың орындалуына мониторинг жасаудың жүйесін енгізу ұсынылады;
5. ПОҚ-ның оқулықтарды, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік құралдарын, ғылыми мақалалар, монографиялар жариялауының нәтижелерінің реестрін әзірлеу ұсынылады.

**5-стандартқа сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік**

## Стандарт 6. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау

**Дәлелдемелер және талдау:**

Университеттің қаржы жүйесі оның даму Стратегиясына негізделген және университеттің миссияларына, мақсаттары мен міндеттеріне жауап береді.

Университеттің бюджетін қалыптастырудың негізгі көздері мемлекеттік білім беру тапсырысын бюджеттік қаржыландыру, ғылыми-зерттеу жобаларын (бағдарламаларын) іске асыру, сондай-ақ ақылы білім беру қызметтерін ұсынудан (онлайн академия https://nm-academy.kz/bio) және студенттердің жатақханада тұруы үшін ақы төлеуден түсетін табыс болып табылады. Дәстүрлі кіріс көздерінен басқа, университет жеке қайырымдылықтардан басқа қосымша көздерді қарастырады. Мысалы, университеттің қызметкерлерімен сұхбат барысында қосымша көп қабатты оқу корпусы азаматтардың жеке қайырымдылықтары есебінен салынып жатқаны белгілі болды.

Ұсынылған құжаттамаға сәйкес ЖОО шығыстарының негізгі бөлігі жалақы қоры болып табылады - 67%.

Университет инфрақұрылымын сапалы жаңартуға, кеңейтуге, жұмыс істеуге арналған шығыстар - 10,1 %, материалдық және ғылыми-білім беру базасын сапалы жаңартуға арналған шығыстар - 3.998%, оқу бағдарламаларын басқаруға арналған шығыстар - 8 %, қызмет көрсетуге және аудиторияларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар - 10%, ПОҚ және МО - 0.899%, интернетке арналған шығыстар - 0.002%, өзге шығыстар-0.24%.

ЖОО-ның 2020-2024 жылдардағы қаржылық көрсеткіштерін талдау (ЖОО-ның өзін-өзі бағалау туралы есебіндегі 9.1-кесте) мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- негізгі қаржылық көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады;
- жалпы табыстың салыстырмалы өсуі.

ЖОО-да ақылы білім беру қызметтерін ұсыну тізбесі жарғыда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

Университетте қаржыны есепке алудың ашық жүйесі бар. ЖОО-да бюджеттің нақты орындалуы туралы жартыжылдық және жылдық қаржылық есептілік дайындалады және тікелей ҚР Білім және ғылым министрлігіне ұсынылады.

Оқу процесі мен ғылыми-зерттеу жұмыстары материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілген. ПОҚ-ның оқу процесі мен ғылыми-зерттеу қызметін іске асыру, студенттерді дамыту үшін ЖОО-да 2 оқу корпусы, 650 орындық жатақхана, 200 адамға арналған асхана, көпжоспарлы спорт кешені, мешіт және көріктендірілген іргелес аумақ бар.

Оқу ғимараттарында оқытушылар мен студенттерді, магистранттарды оқытуға және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған заманауи техникалық құралдардың болуымен жеткілікті үлкен аудиториялар бар. ЖОО-да 6 дәріс кабинеті, практикалық және семинар сабақтарына арналған 29 кабинет, 2 оқу залы, 3 компьютерлік аудитория, 1 мультимедиялық кабинет, интерактивті жабдықтармен жабдықталған 1 лингафондық кабинет,

оқу ғимараттары мен жатақханаларда орналасқан 3 медициналық кабинет бар.

Оқу процесінде ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылады: мультимедиялық проектор, интерактивті тақта, web-камера, проекциялық экран, колонкалар және т.б. ЖОО жыл сайын компьютерлік техника паркін жаңғыртады және жаңартады. Қаржыландырудың жалпы көлемінен компьютерлер мен басқа да ақпараттық оқыту құралдарын сатып алуға жұмсалған шығыстар 2024 жылы 23,5% - құрады.

Аудит жүргізу кезінде ЖОО-да барлығы 160 компьютер, аудиторияларда 17 интерактивті дисплей болды. ЖОО-да студенттер мен қызметкерлердің аудит барысында тексерілген 250 Мбит/с жылдамдықпен Wi-Fi арқылы интернет желісіне шығуы бар.

ЖОО - ның оқу, ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру, білім беруді ақпараттандыруды қамтамасыз ету және басқаруды қамтамасыз ету үшін ақпараттық платформалар пайдаланылады.

ЖОО-ны басқарудың жеделдігі барлық нақты оқиғалары мен процестерін көрсететін орталықтандырылған дерекқоры бар «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін пайдалану есебінен қамтамасыз етіледі. Әрбір білім алушы мен қызметкер үшін жеке кабинет қарастырылған.

Білім беру процесі мен зерттеу жұмысын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету университеттің ғылыми кітапханасы қорларының жұмыс істеуімен қамтамасыз етіледі. Кітапхана қорын толықтыруға жалпы бюджеттің тек 3%-ы ғана бөлінеді, алайда кітапхана қоры айтарлықтай үлкен және келісімдер жасалған серіктес жоғары оқу орындарынан түсетін түсімдер есебінен кезең-кезеңімен кеңейіп отырады. ЖОО-да электронды кітапхана бар. Кітапхана қорында 63172 электронды оқулық бар. Электрондық каталог және іздеу жүйесі бар. Электрондық кітапханаға электронды оқулықтар, виртуалды зертханалық курстар және бейне курстар кіреді. Кітапханада қазіргі заманғы деректер базасына (Scopus, Web of Science және т.б.) қолжетімділік бар.

Кітапхананың оқу залдарындағы көрнекі шолу олардың оқырмандар үшін библиографиялық және мәтіндік дерекқорларға қол жеткізуді қамтамасыз ететін компьютерлері бар орындармен қамтамасыз етілгенін көрсетті. Оқудан тыс уақытта барлық компьютерлік аудиторияларда студенттер өз бетінше жұмыс істеуге және оқуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, жатақханада оқу залы бар жеке кітапхана бар.

Университетте 650 орындық үлкен және жайлы жатақхана бар. Бір бөлмеде 2-ден 6-ға дейін адам тұра алады. Еденде пештері, тоңазытқыштары және азық-түлік сөрелері бар бірнеше ас үй бөлмелері бар. Жатақханада медициналық кабинет пен кітапхана да бар. Университет аумағында волейболға, шағын футболға, әртүрлі спорт түрлеріне және т. б. арналған бірнеше залды қамтитын үлкен спорт кешені бар.

Университетте студенттердің кәсіптік практикасын ұйымдастырумен айналысатын, университет түлектерін оқытудың барлық деңгейлерінде жұмысқа орналастыруға жәрдемдесетін және олардың мансаптық өсуін

қамтамасыз ететін академиялық ұтқырлық, жұмысқа орналастыру және тәжірибе алмасу бөлімдері жұмыс істейді. Айта кету керек, ЖОО-ның бірқатар ғылыми және қоғамдық институттармен тиімді қарым-қатынастары қалыптасқан, бұл студенттердің жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін (ҚМДБ, философия, саясаттану және дінтану институты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және т.б.) мамандығы бойынша практикадан өтуге және жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді. Жұмыс берушілермен жүргізілген сұхбат бұл деректерді растады.

***Оң тәжірибе:***

1. Студенттер кітапхана ресурстарына жатақханаларда да қол жеткізе алады. кітаптарды алу мен оны қайтару адалдық деңгейіне қойылған. Студенттер жатақханаларда кітаптарды өздері дербес алып, журналдарға толтырады.

***Жақсартуға арналған жағы:***

1. 6В02201 – Исламтану БББ студенттерінің контингентінің өсу динамикасын ескере отырып, оқу дәрісханаларының көлемін арттыру мақсатында жаңа оқу корпусының құрылысын жылдамдату ұсынылады (меценаттар, демеушілер іздеу жолымен);

2. Ақпараттық қауіпсіздік пен мәліметтердің сақталуын ескере отырып корпоративтік поштамен жұмыс жасауды жолға қою қажет;

4. Кітапханада іс жүргізудің электрондық базасын жетілдіруді аяқтау және кітаптарды беруді мейлінше цифрландыру, сондай-ақ оқулық, оқу құралдарының электрондық нұсқасына қол жетімділікті арттыру ұсынылады. Бұл мақсатта оқулықтарды (соның ішінде сирек кездесетін) электрондық нұсқаға айналдыруды жеңілдету мақсатында арнайы роботизацияланған сканерді сатып алу ұсынылады;

5. Ғылыми ізденістерді оңтайландыру мен олардың сабақтастығын арттыру мақсатында дипломдық жұмыстардың, магистрлік және докторлық диссертациялардың республикалық репозиторийін құру талап етіледі (ЖОО-ның діни ғылым орталығы екенін ескере отырып).

6. Platonus 6.0 (https://edu.nmu.edu.kz/) және Moodle (https://dl.nmu.edu.kz/login/index.php) ақпараттық жүйелерінің өзара интеграциялануын қамтамасыз ету ұсынылады.

**6-стандартқа сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік**

## Стандарт 7. Қоғамды ақпараттандыру

**Дәлелдемелер және талдау:**

Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің қызметі мен 6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-лары туралы ақпараты университеттің ресми сайтында берілген (www.nmu.edu.kz).

Сайтта университет басшылығы, оның тарихы, материалдық-техникалық базасы, стратегиялық жоспар, университеттің ұлттық рейтингтердегі орны, нормативтік база, құрылымы, комплаенс қызметі туралы, сондай-ақ бос жұмыс орындары мәліметімен толық танысу мүмкіндігі берілген (https://www.nmu.edu.kz/kk/stucture/). Ислам ілімдері факультеті мен «Исламтану» кафедрасы жайындағы мәліметтер арнайы факультеттер деген бөлікте берілген. Онда факультеттегі ПОҚ-мен танысуға мүмкіндік бар (https://www.nmu.edu.kz/kk/islamtanu-kafedrasynyn-okytushy-professorlary/). Дегенмен де, факультет пен кафедра қызметіндегі оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу бағытындағы жаңалықтарымен және жетістіктерімен танысу мүмкін емес.

Университет ұсынатын білім беру қызметіне байланысты академиялық күнтізбе (2024-2025 оқу жылы), жолсілтеуші анықтама (жаңартылған), кітапхана жұмыстары бойынша мәліметтер сайтта бірқатар жаңа әрі өзекті деп айта аламыз. Осыған қарамастан білім беру бағдарламалары, оқу жұмыс жоспары, элективті пәндер каталогы тек 2024 жылғы қабылдау бойынша ғана берілгендігін айтуымыз керек (https://www.nmu.edu.kz/kk/bbb/). Сонымен бірге 6В02201 (7М02201, 8D02201) – Исламтану БББ бойынша оқу жұмыс жоспары ілінбеген (https://www.nmu.edu.kz/kk/bbb/). Кітапхана ресурсында онда өткізіліп жатқан мәдени іс-шаралар ресурстарымен, келіп түскен жаңа кітаптармен танысу мүмкін емес (https://www.nmu.edu.kz/kk/kitaphana-2/).

Нұр-Мүбарак ЕИМУ-мен жүргізілетін ынтымақтастық мәселелері туралы мәліметтер де берілген. Тиісті сілтеме арқылы серіктес ұйымдардың сайтына өтуге болады (https://www.nmu.edu.kz/kk/seriktester/). Сондай-ақ академиялық ұтқырлыққа бару/алмасу жайында мәліметтер де толық берілген (https://www.nmu.edu.kz/kk/akademiyalyk-utkyrlyk-bolimi/). Дегенмен де, осы серіктес университеттермен соңғы жылдардағы жүргізілген оқу, ғылыми-зерттеу бағыттарындағы іс-шаралармен, академиялық ұтқырлыққа барған білім алушылар жайындағы мәліметтермен танысу мүмкін емес.

Университетке тапсыратын талапкерлерге қажетті ақпараттар, Нұр-Мүбарак ЕИМУ-дің түлектері мен түсу үшін дайындық курстары жайындағы мәліметтермен сайтта танысуға мүмкіндік берілген. Онда талапкерлерді оқуға қабылдаудың шарттары, шығармашылық емтихан сұрақтары, емтиханды қабылдау тәртібі мен бағалау критерийлері, тапсыруға қажетті құжаттардың тізімі берілген (https://www.nmu.edu.kz/kk/talapker-2/?lang=KK). Бітірген соң тағайындалатын біліктілік туралы ақпарат берілмеген.

Студенттерді университетпен таныстыру, жатақханалармен қамтамасыз ету, әлеуметтік-тәрбие жұмыстарын жүргізетін, психологиялық қолдау жасайтын, өзге де құрылымдық бөлімшелер (офис регистратор, тірбие бөлімі т.б.) туралы мәліметтер ресми сайтта қарастырылмаған.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің көрсеткіштері туралы мәлімет университет паспортында (https://www.nmu.edu.kz/kk/universitettin-pasporty1/) қысқаша баяндалған.

6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-ларының бітірушілерінің жұмысқа орналасуы туралы сандық және сапалық

көрсеткіштер ресми сайтта берілмеген. Университеттің маңдайалды түлектері туралы ақпаратпен ғана танысуға болады (https://www.nmu.edu.kz/kk/byzdin_tulekter/).

***Ескертулер:***

1. Жұртшылықты Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің қызметі туралы нақты, анық, шынайы, өзекті және қолжетімді ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында университеттің ресми сайтын ақпараттармен толықтыру қажет. Айтар болсақ:

- факультет мен кафедра қызметіндегі оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу бағытындағы жаңалықтарымен және жетістіктерімен;

- соңғы 4 қабылдау жылдары бойынша білім беру бағдарламалары, оқу жұмыс жоспарлары, элективті пәндер каталогы туралы мәліметтермен;

- серіктес университеттермен соңғы жылдардағы жүргізілген оқу, ғылыми-зерттеу бағыттарындағы іс-шаралармен;

- академиялық ұтқырлыққа барған білім алушылар жайындағы мәліметтермен;

- білім беру бағдарламаларын аяқтағаннан соң берілетін біліктілік туралы мәліметпен;

- 6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-лары, студенттер контингенті, материалдық-техникалық база, бітірушілердің жұмысқа орналасу пайызы т.б. туралы сандық және сапалық соңғы 5 жылдағы көрсеткіштерімен толықтырылуы қажет.

2. Университетің ресми сайтының орыс, ағылшын, араб тілдерінде версияларында ақпарат толық емес немесе мүлдем жоқ. Осыған байланысты, Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің қызметі, 6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-лары туралы барлық ақпаратты тиісті тілдерде синхронды түрде беру ұсынылады. Бұл 6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-ларына келетін шетелдік талапкерлерге, студенттер мен оқытушыларға, академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында келетін студенттер мен оқытушыларға қолайлы болады.

***Оң тәжірибе:***

1. Нұр-Мүбарак ЕИМУ-де әлеуметтік желілерді жүргізу жүйесі жолға қойылған. Олар үнемі жаңартылып отырады, жарқын және қызықты мазмұндағы контент жасалады. Бұл, әрине, көптеген жаңа жазылушыларды тартады және университет туралы көбірек жұртшылық білуіне мүмкіндік жасайды.

**7-стандартқа сәйкестік деңгейі – маңызды сәйкестік**

# *3 ТАРАУ*

# *ҚОРЫТЫНДЫ*

**Аудит қорытындысы бойынша сараптамалық топты жақсарту үшін ескертулер мен облыстар:**

**Стандарт 1. Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты – толық сәйкестік**

***Жақсартуға арналған жағы:***

1. Университетте тұрақты негізде жұмыс істейтін алқалы органдар (Ғылыми кеңес, факультет кеңестері, кафедра мәжілістері, академиялық комитет т.б.) қызметін келіп түскен ақпараттар негізінде тиімділігін арттырудың жүйесін (мониторинг) енгізу ұсынылады. Сонымен қатар, мүдделі тараптардың (жұмыс беруші, білім алушы, түлектер т.б.) сапаны арттыру жөніндегі жұмыстар бойынша жүйелі ақпараттануының мүмкіндігін арттыру қажет;

2. «Білім алушылардың білім беру бағдарламасының сапасына қанағаттануы» сауалнамасын жүргізу ұсынылады.

3. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес ПОҚ, қызметкерлер арасында комплаенс-офицермен сыбайлас жемқорлық көріністерін анықтаудың тәсілдерін жетілдіру қажет

4. Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің алқалы органдарына ПОҚ-ның (басшылық құрамдағы емес), білім алушылардың (магистранттар мен докоранттардың өкілдері мүлдем жоқ) қатысуының үлесін арттыру ұсынылады.

**Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару - маңызды сәйкестік**

***Ескертулер:***

1. Зерттеу тақырыптарының (магистрлік диссертациялар, дипломдық жұмыстар) қазіргі ислам діні мен қазақ қоғамының дамуы, ислам құқығы мен Қазақстан заңнамасының арақатынасы, елдегі діни психология мен діни ахуал мәселелеріне, Орта Азия мен қазақ ойшылдарының (Ы.Алтынсарин, Яссауи, М.Ж.Көпейұлы) діни көзқарастарына арналуы олардың қазақстандық қоғам үшін өзектілігімен айқындалады. 7М02201 – Исламтану БББ-ның мазмұны, онда қаралатын пәндер магистранттардың зерттеу тақырыптарымен тығыз байланысты болуы тиіс. БББ-ның мазмұнына жүргізілген талдау нәтижесінде қазіргі қазақ қоғамы үшін өзекті көптеген мәселелер қамтылмағандығын анықталды. 7М02201 – Исламтану БББ

бойынша диссертация тақырыптарын білім беру бағдарламасындағы пәндермен салыстыратын болсақ аса қатты сәйкестік байқалмайды. Осыған орай, 7M02201 - Исламтану білім беру бағдарламасында Орта Азиядағы ислам, Түркі әлеміндегі ислам (Тасаввуф, Суфизм, Яссауи), қазақ қоғамы мен дүниетанымына (Абай, Шәкәрім т.б.), Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша бала, әйел, отбасы құқығы, экстремистік және террористік қылмыстар үшін жауаптылыққа қатысты мәселелер қамтылмаған деп есептейміз.

***Жақсартуға арналған жағы:***

1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу процесіне енгізу, оқу процесінің мазмұнын ғылымның соңғы жаңалықтарымен толықтыру мен молайту мақсатында 7M02201 – Исламтану БББ-ның мазмұнын қайта қарап, Қазақстан үшін өзекті арнайы курстармен толықтыру ұсынылады.
2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығының (соңғы редакциясы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916) 28-тармағына сәйкес «Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитті немесе 1800 академиялық сағатты құрайды» деп көрсетілген. Сондықтан да, 6В02201 – Исламтану БББ-ның оқу жоспарындағы оқу жүктемелерін талапқа сәйкестендіру ұсынылады.
3. 7M02201 – Исламтану БББ-ндағы теориялық оқудағы пәндер бойынша кредиттердің бөлінісін «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына1-қосымшаға» сәйкестендіру ұсынылады (базалық пәндер 35 кредит, бейіндік пәндер зерттеу практикасын қоса алғанда 53 кредит).
4. Студенттерге силлабустарда (Syllabus) көрсетілген бағалау критерийлері туралы түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізу ұсынылады.
5. Білім беру бағдарламаларының құрылымында оның паспортын қарастыру және онда қазіргі мұқабалық беттегі мәліметтермен қатар бағдарламаның деңгейі, оқыту тілі, білім беру қызметіне алынған лицензия, бағдарламаның (ЖОО-ның) аккредиттелгендігі туралы мәліметтер, қолданылатын кәсіби стандарттарды көрсету ұсынылады.
6. 6В02201 – Исламтану БББ-ның мазмұнында әрбір пән бойынша дәстүрлі, инновациялық, интерактивті (топтық жұмыс, аудио-видео материалдар) әдістерді қолдана отырып оқыту мақсаты қойылған. Осыған сәйкес, әрбір пән бойынша оқытудың инновациялық әдістері мен білім алушылардың әртүрлі категориясының мүддесін қолдатын тәсілдерді ашып көрсету ұсынылады.

## Стандарт 3. Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау - маңызды сәйкестік

***Ескертулер:***

1. Білім алушылардың білімін бағалау жүйесі жалпы қабылданған, әділдік және айқындық принциптеріне сәйкес болуы тиіс. Осы мақсатта жазбаша емтихан жауаптарын тексеруді пәнге маманданған кафедра оқытушыларынан құралған комиссияның (пән оқытушысы емес) тексеруін қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ, әділдік пен объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында жауап парақтарын шифрлау арқылы білім алушының аты-жөнін жасыру ұсынылады.

2. Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің академиялық саясатын ауызша емтихандарды ұйымдастыру мен өткізудің ережелерімен толықтыру қажет.

***Жақсартуға арналған жағы:***

1. Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің академиялық саясатында пәндерге тіркелуде білім алушылардың оқытушыны таңдауына мүмкіндік беретін, оны ұйымдастырудың ерекшеліктеріне қатысты ережелерді қарастыру қажет.

2. Оқу пәндерінің мазмұны, ондағы қолданылатын әдістер және қалыптастырылатын дағдылар мен біліктер туралы профессор-оқытушылардың таныстыруы (презентациялау) туралы ережені Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің академиялық саясатында қарастыру қажет.

3. Университет сайтындағы мәліметтермен таныса алу мүмкіндігін арттыру мақсатында мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға (көзі нашар көретін, құлағы нашар еститін) қол жетімді болатындай нұсқасын әзірлеу қажет.

4. Оқу пәндерін меңгерудің формальды емес нысандарын дамыту мақсатында пәндер бойынша жалпыға ортақ ашық онлайн курстарды (Massive open online course – Массовые открытые онлайн-курсы) әзірлеп, университет сайтына орналастыру қажет.

5. Оқу пәндері бойынша бағалау критерийлерін силлабустарда әрбір пәннің ерекшелігін ескере отырып нақтылауды талап етеді. Сондай-ақ, білім алушыларды сабақ барысында бағалау критерийлерімен таныстыру жұмыстарын үнемі жүргізу қажет. Кейбір пәндер бойынша бағалау шкаласын білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларында қаралған бағалаудың әріптік жүйесіне сәйкестендіруді қажет етеді.

## Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау - толық сәйкестік

***Жақсартуға арналған жағы:***

1. ЖОО оқуға қабылдауда талапкерлерді әзірленген бағалау критерийлері бар, ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ететін ақпараттармен қамтмасыз етуі тиіс. Осыған сәйкес Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің барлық білім беру бағдарламалары бойынша (соның ішінде Исламтану да) оқуға қабылдаудың талаптарын, қажетті құжаттардың, шығармашалық емтихандарының бағалау критерийлерін т.б. сұрақтарды қамтитын қабылдау ережесін бекіту қажеттігі бар.

2. Түлектер ассоциациясы мен жұмыс берушілер Кеңесінің жұмысын жандандыру және тиімді кері байланысты қамтамасыз ету үшін шаралар жүйесін әзірлеу ұсынылады;

3. Халықаралық ашықтықты және біліктіліктерді (дипломдарды) объективті академиялық және кәсіби тануды қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ академиялық ұтқырлықты және аккредиттелген білім беру бағдарламалары бойынша оқуды сәтті аяқтаған түлектерге білім беру бағдарламаларының салыстырмалылығын дамыту мақсатында Еуропалық үлгідегі дипломға қосымшаны (Diploma Supplement) автоматты түрде алуға мүмкіндік беру ұсынылады.

## Стандарт 5. Профессорлық-оқытушылар құрамы – толық сәйкестік

***Жақсартуға арналған жағы:***

1. Кадрлық саясат туралы ережені лауазымдарға қойылатын талаптардың, жұмысқа қабылдау, қызметте жоғарылату, марапаттау, қысқарту, жұмыстан босату бойынша талаптардың толық қамтылуы үшін қайта қарау, толықтыру мен құзіретті органмен бекіту ұсынылады;

2. «Исламтану» кафедрасы ПОҚ-ның біліктілігін талдай нәтижесінде штаттағы 8 оқытушының докторантураның курсын толық бітіргенін анықталды. Осығна сәйкес, БББ бойынша ғылыми дәрежелілікті артттыру жұмыстарын жандандыру мақсатында аталмыш оқытушыларға ғылыми, ғылыми-әдістемелік бағыт беру ұсынылады;

3. Академиялық саясатта пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін дайындау мен оны жетілдірудің ережелерін қарастыру қажет;

4. ПОҚ-ның жеке жұмыс жоспарларында ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмыстарында жоспарлауда нақтылық қажет. Сонымен бірге ПОҚ-ның жеке жұмыс жоспарларында жоспарланған жұмыстардың орындалуына мониторинг жасаудың жүйесін енгізу ұсынылады;

5. ПОҚ-ның оқулықтарды, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік құралдарын, ғылыми мақалалар, монографиялар жариялауының нәтижелерінің реестрін әзірлеу ұсынылады.

## Стандарт 6. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау – толық сәйкестік

***Жақсартуға арналған жағы:***

1. 6В02201 – Исламтану БББ студенттерінің контингентінің өсу динамикасын ескере отырып, оқу дәрісханаларының көлемін арттыру мақсатында жаңа оқу корпусының құрылысын жылдамдату ұсынылады (меценаттар, демеушілер іздеу жолымен);

2. Ақпараттық қауіпсіздік пен мәліметтердің сақталуын ескере отырып корпоративтік поштамен жұмыс жасауды жолға қою қажет;

4. Кітапханада іс жүргізудің электрондық базасын жетілдіруді аяқтау және кітаптарды беруді мейлінше цифрландыру, сондай-ақ оқулық, оқу

құралдарының электрондық нұсқасына қол жетімділікті арттыру ұсынылады. Бұл мақсатта оқулықтарды (соның ішінде сирек кездесетін) электрондық нұсқаға айналдыруды жеңілдету мақсатында арнайы роботизацияланған сканерді сатып алу ұсынылады;

5. Ғылыми ізденістерді оңтайландыру мен олардың сабақтастығын арттыру мақсатында дипломдық жұмыстардың, магистрлік және докторлық диссертациялардың республикалық репозиторийін құру талап етіледі (ЖОО-ның діни ғылым орталығы екенін ескере отырып).

6. Platonus 6.0 (https://edu.nmu.edu.kz/) және Moodle (https://dl.nmu.edu.kz/login/index.php) ақпараттық жүйелерінің өзара интеграциялануын қамтамасыз ету ұсынылады.

## Стандарт 7. Қоғамды ақпараттандыру- маңызды сәйкестік

***Ескертулер:***

1. Жұртшылықты Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің қызметі туралы нақты, анық, шынайы, өзекті және қолжетімді ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында университеттің ресми сайтын ақпараттармен толықтыру қажет. Айтар болсақ:

- факультет мен кафедра қызметіндегі оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу бағытындағы жаңалықтарымен және жетістіктерімен;
- соңғы 4 қабылдау жылдары бойынша білім беру бағдарламалары, оқу жұмыс жоспарлары, элективті пәндер каталогы туралы мәліметтермен;
- серіктес университеттермен соңғы жылдардағы жүргізілген оқу, ғылыми-зерттеу бағыттарындағы іс-шаралармен;
- академиялық ұтқырлыққа барған білім алушылар жайындағы мәліметтермен;
- білім беру бағдарламаларын аяқтағаннан соң берілетін біліктілік туралы мәліметпен;
- 6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-лары, студенттер контингенті, материалдық-техникалық база, бітірушілердің жұмысқа орналасу пайызы т.б. туралы сандық және сапалық соңғы 5 жылдағы көрсеткіштерімен толықтырылуы қажет.

2. Университетің ресми сайтының орыс, ағылшын, араб тілдерінде версияларында ақпарат толық емес немесе мүлдем жоқ. Осыған байланысты, Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің қызметі, 6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-лары туралы барлық ақпаратты тиісті тілдерде синхронды түрде беру ұсынылады. Бұл 6В02201 – Исламтану, 7М02201 – Исламтану БББ-ларына келетін шетелдік талапкерлерге, студенттер мен оқытушыларға, академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында келетін студенттер мен оқытушыларға қолайлы болады.

**Қосымша 1**

# «Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінде» IQAA сараптамалық тобының бағдарламалық аккредиттеу бойынша сыртқы аудиттің
# БАҒДАРЛАМАСЫ
# 24-26. 02. 2025 жыл

| № | Іс-шаралар | Орын | Уақыт | Қатысушылар |
|---|---|---|---|---|
| | ***1-ші күн: 24.02.2025 ж.*** | | | |
| 1 | Университетке келу | Оқу корпусы | 8:45 | Ж, СТ, ТҮ |
| 2 | Брифинг, ұйымдастыру мәселелерін талқылау | ССТ-ның кабинеті | 9:00-10:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 3 | Университет ректорымен кездесу | ССТ-ның кабинеті | 10:00-10:45 | Ж, СТ, ТҮ Ректор |
| 4 | Кездесу қорытындыларын талқылау | ССТ-ның кабинеті | 10:45-11:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 5 | Университет проректорларымен сұхбат | ССТ-ның кабинеті | 11.00-11.45 | Ж, СТ, ТҮ Проекторлар |
| 6 | Кездесу қорытындыларын талқылау | ССТ-ның кабинеті | 11:45-12:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 7 | Құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен сұхбат | ССТ-ның кабинеті | 12.00-12.45 | Ж, СТ, ТҮ ҚББ |
| 8 | Түскі ас | Оқу корпусы | 13:00-14:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 9 | Факультет декандарымен және кафедра меңгерушілерімен сұхбат | ССТ-ның кабинеті | 14:00-14:45 | Ж, СТ, ТҮ, Факультет декандары, Кафедра меңгерушісі |
| 10 | Кездесу қорытындыларын талқылау | ССТ-ның кабинеті | 14.45-15:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 11 | ПОҚ-мен сұхбат | ССТ-ның кабинеті | 15:00-15:45 | Ж, СТ, ТҮ, ПОҚ |
| 12 | Сараптамалық топ мүшелерінің пікір алмасуы | ССТ-ның кабинеті | 15:45-16:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 13 | Магистранттармен және докторанттармен кездесу-сұхбат | ССТ-ның кабинеті | 16:00-16:45 | Ж, СТ, ТҮ, Магистранттар, Докторанттар |
| 14 | Сараптамалық топ мүшелерінің пікір алмасуы | ССТ-ның кабинеті | 16:45-17:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 15 | Университетті визуалды тексеру (материалдық-техникалық және оқу - зертханалық база) | Оқу корпустары | 17:00-18:30 | Ж, СТ, ТҮ, Ректор, Проректорлар, ҚББ |
| 16 | Кешкі ас | | 19:00-20:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| | ***2-ші күн: 25.02.2025 ж.*** | | | |
| 1 | Университетке келу | Оқу корпусы | 8:45 | Ж, СТ, ТҮ |
| 2 | Оқу сабақтарына іріктеп қатысу. | Құрылымдық бөлімшелер | 9:00-10:00 | Ж, СТ, ТҮ, ҚББ |
| 3 | Тағылымдамадан өту базаларына іріктеп бару | ССТ-ның кабинеті | 10:00-11:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 4 | Ғылыми сала өкілдерімен кездесу. | Құрылымдық | 11:00-12:00 | Ж, СТ, ТҮ, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Магистранттар мен докторанттарды академиялық және ғылыми қамтамасыз ету. | бөлімшелер | | ҚББ |
| 5 | Студенттермен сұхбат | ССТ-ның кабинеті | 12:00-12:45 | Ж, СТ, ТҮ, Студенттер |
| 6 | Сараптамалық топ мүшелерінің пікір алмасуы | ССТ-ның кабинеті | 12:45-13:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 7 | Түскі ас | Оқу корпусы | 13:00-14:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 8 | Университетті іріктеп тексеру. Ақпараттық-ресурстық басқармаға және ғылыми кітапханаға бару. | Оқу корпусы | 14:00-15:00 | Ж, СТ, ТҮ, ҚББ |
| 9 | Университет түлектерімен кездесу-сұхбат | ССТ-ның кабинеті | 15:00-15:45 | Ж, СТ, ТҮ, Түлектер |
| 10 | Сараптамалық топ мүшелерінің пікір алмасуы | ССТ-ның кабинеті | 15:45-16:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 11 | Жұмыс берушілермен сұхбат | ССТ-ның кабинеті | 16:00-16:45 | Ж, СТ, ТҮ, Жұмыс берушілер |
| 12 | Сараптамалық топ мүшелерінің пікір алмасуы | ССТ-ның кабинеті | 16:45-17:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 12 | Университетті іріктеп тексеру (Студенттер үйлері, спорт және демалыс объектілері, медициналық объектілер және тамақтану объектілері) | Университет ғимараттары мен қызмет көрсету нысандары | 17:00-18:30 | Ж, СТ, ТҮ |
| 13 | Кешкі ас | | 19:00-20:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| ***3-ші күн: 26.02.2024 ж.*** | | | | |
| 1 | Университетке келу | Оқу корпусы | 9:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 2 | Сыртқы аудит бойынша есепті дайындау және сарапшылардың сұрауы бойынша жекелеген өкілдерді шақыру | Құрылымдық бөлімшелер, ССТ-ның кабинеті | 09:00-12:00 | Ж, СТ, ТҮ, ҚББ |
| 3 | Сараптамалық топ мүшелерінің пікір алмасуы | ССТ-ның кабинеті | 12:00-13:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 4 | Түскі ас | Оқу корпусы | 13:00-14:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 5 | Жоғары оқу орынның қызметін сыртқы бағалаудың алдын ала нәтижелерін талқылау | ССТ-ның кабинеті | 14:00-17:00 | Ж, СТ, ТҮ |
| 6 | Басшылықпен кездесу. Алдын ала нәтижелерді ұсыну | Ректордың кабинеті | 17:00-17:30 | Ж, СТ, ТҮ, ЖОО басшылығы |
| 7 | Сараптама тобы мүшелерінің кетуі | | Кесте бойынша | Ж, СТ, ТҮ |

**Ескертпе: СТ жетекшісі – Ж; Сараптама тобы – СТ; Үйлестіруші – Ү, Жоғары оқу орыннан сыртқы аудит үшін жауапты тұлға – ЖООЖТ, Құрылымдық бөлімшелердің басшылары – ҚББ.**

**Қосымша 2**

## СҰХБАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

**Сыртқы аккредиттеу аудитін жүргізуге жауапты**

| № | Т. А. Ә. | Лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы | Ғылыми дәрежесі, атағы |
|---|---|---|---|
| 1 | **Адилбаева Шамшат Амангелдіқызы** | Сапа менеджмент жүйесі бөлімінің меңгерушісі | Профессор |

**Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Ректоры**

| № | Т. А. Ә. | Лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы |
|---|---|---|
| 1 | Ахмад Хесайн Мухаммед Ибрахим | Профессор |

**Проректорлар**

| № | Т. А. Ә. | Лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы |
|---|---|---|
| 1 | Оңғар Ершат Ағыбайұлы | PhD доктор, доцент |

**Құрылымдық бөлімшелердің басшылары**

| № | Т. А. Ә. | Лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы |
|---|---|---|
| 1 | Байзақ Мақсат | Аппарат басшысы |
| 2 | Махмет Мұратхан | Академиялық мәселелер департаменті директоры |
| 3 | Палтөре Ықтияр | Ғылым және инновация департаменті директоры |
| 4 | Шынтемір Мейрамбек | Тәрбие істері және Әлеуметтік даму департаменті директоры |
| 5 | Қайранбаева Қарлығаш | Әкімшілік бөлімі меңгерушісі |
| 6 | Қасымбаева Гүлнар | Қаржы бөлімінің меңгерушісі |
| 7 | Жұбанышов Талғат | Шаруашылық бөлімі меңгерушісі |
| 8 | Сайлаубай Сандуғаш | Стратегиялық даму және халықаралық қатынастар бөлімі меңгерушісі м.а. |
| 9 | Адилбаева Шамшат | Сапа менеджменті бөлімі меңгерушісі |
| 10 | Сабилен Таңерке | Түлектерді жұмыспен қамту секторы меңгерушісі |
| 11 | Жақсыбаев Азат | Офис-регистратор |
| 12 | Меңдібаев Ермек | Инновациялық білім беру бөлімі меңгерушісі |
| 13 | Тілебалдина Сәуле | Студенттік бөлім меңгерушісі |
| 14 | Тоқан Алтын | Кітапхана меңгерушісі |
| 15 | Керім Шамшәдин | Әбу Ханифа ғылыми зерттеу орталығының директоры |
| 16 | Бердібеков Серік | Ақпараттық технологиялар орталығы |
| 17 | Ержан Қалмахан | Жоғары оқудан кейінгі білім беру бөлімі меңгерушісі |
| 18 | Купешов Қанат | Оқу үдерісін үйлестіру секторының меңгерушісі |

**Декан, кафедра меңгерушілері**

| № | Т. А. Ә. | Лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы |
|---|---|---|
| 1 | Мухаммед Уирдани | PhD доктор, доцент |
| 2 | Хусейн Тауфик | PhD доктор, доцент |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Анарбаев Нұрлан | PhD доктор, доцент |
| 4 | Рыскиева Айымжан | PhD доктор, доцент |
| 5 | Қалиева Гүлдархан | Ф.ғ.к., доцент |
| 6 | Қапасова Дариға | Ф.ғ.к., доцент |

**Мамандандырылған аккредитация бойынша сұхбатқа қатысатын оқытушылар**

| № | Аты-жөні | Қызметі |
|---|---|---|
| 1. | Паттеев Мухитдин Исаевич | Оқытушы |
| 2. | Алпысбаев Ергали Орынкулович | Оқытушы |
| 3. | Мухитдинов Рашид Сражович | Оқытушы |
| 4. | Адилбаев Алау Шайкимович | Оқытушы |
| 5. | Жұматаев Әбілқайыр Мәдиұлы | Оқытушы |
| 6. | Шайзан Бауыржан | Оқытушы |
| 7. | Абдуссамад Данияр Мұхаммедұлы | Оқытушы |
| 8. | Камал Наср | Оқытушы |
| 9. | Хусейн Тауфиқ | Оқытушы |
| 10. | Хусейн Али | Оқытушы |

**Мамандандырылған аккредитация бойынша сұхбатқа қатысатын жұмыс берушілер**

| № | Аты-жөні | Жұмыс орны | Қызметі |
|---|---|---|---|
| 1. | Құлмұхаммед Махамбет | Әбу Ханифа медресесі | Директор |
| 2. | Таттибаев Мади | Үшқоңыр медресесі | Директор |
| 3. | Пиримкулов Мадияр | ҚМДБ мешіттері | Облыс бас имам |
| 4. | Ерлан Матаев | УДР Алматы обылысы | Бөлім басшысы |
| 5. | Шоев Махмудрузи | *"ADCB" Ислам Банкі* | Бөлім басшысы |
| 6. | Жарқын Еркінұлы | *Талғар дайындық курсы* | Директор |
| 7. | Қалиев Абылай | Atlas Travel | Директор орынбасары |
| 8. | Бекжанов Қанат | *Mina Travel* | Директор |
| 9. | Серік Ораз | Имамдар институты Алматы | Директор |
| 10. | Ақжолтай Бақытжанұлы | Сығанақ институтының фильялы | Директор |
| 11. | Талғат Дайрабайұлы | «Қамқор-Шарапат» салттық қызмет көрсету орталығы | Директор |
| 12. | Құрманғазыұлы Юсуф | «Мұрат Төреқұл» атындағы қарилар дайындайтын орталық | Директор |

**Мамандандырылған аккредитация бойынша сұхбатқа қатысатын түлектер**

| № | Аты-жөні | Жұмыс орны | Қызметі |
|---|---|---|---|
| 1. | Наурзалиев Изатулла | Әбу Ханифа медресесі | Оқытушы |
| 2. | Нұрғали Ерланұлы | Үшқоңыр медресесі | Оқытушы |
| 3. | Қасым Ашимов | ҚМДБ Нұр мешіті | Бас имам |
| 4. | Жалғас Орынбасаров | ҚМДБ Нұр-Мүбарак мешіті | Бас имам |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **5.** | Бердібеков Айдос | ҚМДБ Дархан мешіті | Бас имам |
| **6.** | Досбаев Дәурен | УДР Алматы обылысы | Бөлім басшысы |
| **7.** | Нұржан Стамбакиев | *"ADCB" Ислам Банкі* | Бөлім басшысы |
| **8.** | Мукамбетжанов Тұрым | *Талғар дайындық курсы* | Оқытушы |
| **9.** | Қалақұлова Қалжан | *Талғар дайындық курсы* | Оқытушы |
| **10.** | Рахимов Абдукалык | Имамдар институты Алматы | Директор орынбасары |
| **11.** | Ақым Салтанат Маратқызы | Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті | Тәрбиеші |
| **12.** | Абдуллаев Ержан Әбдірахманұлы | Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті | Тәрбиеші |
| **13.** | Сайлаубек Сандуғаш Нұржанқызы | Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті | Халықаралық байланыс |
| **14.** | Әбдіраш Назерке Әбілханқызы | Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті | Сапа бөлімі |
| **15.** | Елдесбай Аманат Тұрсынбекұлы | Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті | Оқытушы |

**Мамандандырылған аккредитация бойынша сұхбатқа қатысатын магистранттар**

| № | Аты-жөні | Мамандық шифры | Курс |
|---|---|---|---|
| 1. | Аманжанұлы Нурлан | 7M02201 | 1 |
| 2. | Дабар Кенжебай Азаматұлы | 7M02201 | 1 |
| 3. | Ергешбаев Акмал Рустамұлы | 7M02201 | 1 |
| 4. | Жақипов Бағдаулет Абдикадируғли | 7M02201 | 1 |
| 5. | Кәдіров Бағлан Жандуллаұлы | 7M02201 | 1 |
| 6. | Көпеева Ақбөкен Рамазанқызы | 7M02201 | 1 |
| 7. | Құлахметов Әділжан Жайляуғазыұлы | 7M02201 | 1 |
| 8. | Өмірзақ Амангелді Абдразақұлы | 7M02201 | 1 |
| 9. | Хайрол Рахима | 7M02201 | 1 |
| 10. | Бегимбет Нурсултан | 7M02201 | 2 |
| 11. | Ғажап Жәйнагүл | 7M02201 | 2 |
| 12. | Ильясова Анеля Габитовна | 7M02201 | 2 |
| 13. | Көпбаева Шолпан Берікқызы | 7M02201 | 2 |
| 14. | Макан Айдын | 7M02201 | 2 |
| 15. | Маратұлы Самат | 7M02201 | 2 |

**Мамандандырылған аккредитация бойынша сұхбатқа қатысатын бакалавр**

| № | Аты-жөні | Мамандық шифры | Курс |
|---|---|---|---|
| 1. | Қызырбек Қарақат Ермекқызы | 6B02201 | 1 |
| 2. | Балтабай Жұбаныш | 6B02201 | 1 |
| 3. | Адақнұр Айдын | 6B02201 | 1 |
| 4. | Шайхы Ұлпан | 6B02201 | 1 |
| 5. | Талғат Аружан | 6B02201 | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. | Қадырұлы Жомарт | 6B02201 | 2 |
| 7. | Тасполат Бекхан | 6B02201 | 2 |
| 8. | Жаңаөмірұлы Бақжол | 6B02201 | 2 |
| 9. | Бердалиев Алтынбек | 6B02201 | 2 |
| 10. | Қозыбай Ұлағат | 6B02201 | 2 |
| 11. | Маратқызы Меруерт | 6B02201 | 3 |
| 12. | Ермекбаева Зарина Аятоллақызы | 6B02201 | 3 |
| 13. | Муталхан Алуа Бақтиярқызы | 6B02201 | 3 |
| 14. | Абдулла Жұлдыз Амидуллақызы | 6B02201 | 3 |
| 15. | Нұғман Оразұлы | 6B02201 | 3 |
| 16. | Әбдіманапов Дінмұхамед | 6B02201 | 4 |
| 17. | Еген Абдуррахман | 6B02201 | 4 |
| 18. | Сағадат Мұхаммад | 6B02201 | 4 |
| 19. | Нышан Абдуррахман | 6B02201 | 4 |
| 20. | Махатов Мәделіқожа | 6B02201 | 4 |

**Қосымша 3**

## ЖОО - ДА ҚОСЫМША ҚАРАЛҒАН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

1. Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің құрылымы (университет Ғылыми кеңесінде қаралып, бекітілген (№2 хаттама, 30.09.2022 ж.)

4. «Сапа саясаты және ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарты». (Ғылыми кеңесте талқыланып, бекітілген, №1 хаттама, 29.08.2024 ж.)

5. Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің академиялық саясаты (Ғылыми кеңесте талқыланып, бекітілген, №1 хаттама, 29.08.2024 ж.)

6. «Студенттерге арналған жолсілтеуші анықтама»

7. «Кадрлық саясат туралы ереже»

9. Исламтану кафедрасының 2024-2025 оқу жылына арналған штаттық кестесі (02.09.2024 ж. бекітілген)

10. Академиялық комитет кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары (02.09.2023 ж. бекітілген)

11. БББ-ларын әзірлеуші және сарапшы тобын бекіту туралы бұйрық (№056-у, 22.08.2022 ж.)

12. Академиялық сапа жөніндегі комиссияны құру туралы Академиялық мәселелер департаментінің №1 өкімі (22.09.2023 ж.)

13. Академиялық комитетті құрамы туралы университет проректорының №076-у бұйрығы (02.09.2024 ж.)

14. Ғылыми кеңес құрамын бекіту туралы №2 бұйрық (24.10.2024 ж.)

15. Конкурстық комиссия мүшелерін тағайындау туралы №075-у бұйрық (02.09.2024)

16. 2024-2025 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе (Нұр-Мүбарак ЕИМУ Ғылыми кеңесінің №12 хаттамасымен 2024 жылғы 14 маусымда бекітілген).

17. Ислам ілімдері факультетінің Академиялық сапа жөніндегі комиссияның мәжілісінің №2 хаттамасы, (21.12.2023 ж.)

18. Элективті пәндер каталогы (Ғылыми кеңестің №9 хаттамасы, 29.03.2024 ж.)

19. Ислам ілімдері факультеті 3 курс қысқартылған және 4 курс исламтану оқу бағдарламасы студенттерінің 2024-2025 оқу жылындағы II жарты жылдығының сабақ кестесі

18. Нұр-Мүбарак ЕИМУ мен ООО «Plagiat.pl» арасында қызмет көрсету шарты жасалған (2022 жылғы 1 желтоқсан, №296 шарт)

19. 2024-2025 оқу жылында бітіретін түлектердің дипломдық жұмыс тақырыптары мен ғылыми жетекшілері мен кеңесшілерін бекіту туралы университет Ректорының №7/1 бұйрығы

20. 2023-2024 оқу жыдлында 6В02201 – Исламтану БББ бойынша қорғалатын бітіруші курс студенттерінің дипломдық жұмыс тақырыптары мен жетекшілері және 7М02201 – Исламтану 1-курс магистранттарының

диссератциялық жұмыс тақырыптары мен жетекшілерін бекіту туралы универистет Ректорының №62/1 бұйрығы

21. Исламтану кафедрасы 2023 жылғы 22 қазандағы мәжілісінің №2 хаттамасы (Н.А. Смагуловтың докторлық диссертациясын талқылау туралы)

22. Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына тағайындауға арналған конкурстық комиссия ережесі (УЕ-Нұр-Мүбарак ЕИУ-7.3-2020, 31.03.2022)

23. 7М02201 – Исламтану БББ-сы бойынша 10-қосымша (ғылыми жетекшілердің сәйкестігі)

24. 2024-2025 оқу жылындағы кітапханадан алынған кітап саны және оқырмандар есебі

25. Академиялық комитет мәжілісінің №4 хаттамасы (28.11.2024 ж.)

26. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия туралы ереже (Нұр-Мүбарак ЕИМУ-001-07-2025)

27. Academic cooperation protocol on Islamic Religious Translation Studies Theology and Foreign philology between Ankara University, Turkiye and Egyptian university of Islamic culture Nur-Mubarak6 Kazakhstan (24.11.2022)

28. Соглашение о сотрудничестве между ЧУ «Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак», Республика Казахстан и «Кыргызско-Турецким университетом Манас, Кыргызская Республика (14.06.2023 г.)

29. Өндірістік іс-тәжірибесін өткізуді ұйымдастыру туралы келісім-шарт (01.01.2024 ж.)

30. Зерттеу практикасын және ғылыми тағылымдаманы өткізу туралы келісім (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультеті жанындағы Әл-Фараби атындағы орталықпен (01.02.2022 ж.)

31. 2024-2025 оқу жылы бойынша ПОҚ-ның қызметін бағалау рейтингтік жұмысының қорытындысы

32. Профессор-ақытушылар құрамының қызметін бағалаудың рейтингтік жйесі туралы ереже (ҚЕ-Нұр-Мүбарак ЕИМУ-7.3-2025, 27.0.2025 ж.)

33. Академиялық комитет мәжілісінің №8 хаттамасы (29.03.2024 ж.)

34. Академиялық комитетті құрамы туралы университет проректорының №106-у бұйрығы (01.09.2023 ж.)

35. План финансирования бюджетных программ (подпрограмм) (05.01.2025г.)

36. Академиялық комитет кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары (02.09.2023 ж.)

37. 2024-2025 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша «Оқытушы көзімен – университет», «Қызметкер көзімен – университет», «Білім алушы көзімен – университет» сауалнамаларының нәтижесі

38. ПОҚ сыйақыға ұсынысы

39. Анарбаев Н.С. «Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың әдіснамалық тәсілдері» (сертификат №БА/JA/022569)

40. Акимханов А.Б. «Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың әдіснамалық тәсілдері» (сертификат №БА/JA/022566)

41. Абдуссамад Д.М. «Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың әдіснамалық тәсілдері» (сертификат №БА/JA/022565)

42. Елдесбай А.Т. «Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың әдіснамалық тәсілдері» (сертификат №БА/JA/022568)

43. Смагулов Н.А. «Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың әдіснамалық тәсілдері» (сертификат №БА/JA/022567)

44. Оқытушының жеке жұмыс жоспары (Бейсенали О.Б.)